Қаздауысты ҚАЗЫБЕК: Сөздің атасы – бірлік, анасы – шындық

ORTALYQ QAZAQSTAN

1931 жылдың 4 қазанынан бастап шығады

СЕНБІ,
3 ЖЕЛТОҚСАН, 2022 жыл №135 (23 165)

www.ortalyq.kz www.instagram.com/ortalyq.kz/ www.facebook.com/ortalyq.kz/ E-mail: info@ortalyq.kz

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

● БӘРЕКЕЛДІ!

Оқушылар оза шапты

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Биыл 9-шы рет өткізілген «Ақберен» республикалық өнер байқауы өз мәресіне жетті. 1800-ден астам білім алушы қатысқан байқауда 36 оқушы жүлделі орындарға ие болды. Жеңімпаздар арасында қарағандылық оқушылар да бар.

Оқушылар шешендік өнер, эссе жазу, халық аспаптарында ойнау, өлең оқу номинациялары бойынша сынға түсті. Жас өрендер суырыпсалма ақын ретінде өнерлерін паш етті.

– «Ақберен» еліміздің ең шығармашыл, талантты балалардың басын қосатын маңызды шара. Қатысушылар саны жыл сайын артып келеді. 2021 жылы байқауға 94 оқушы қатысса, биыл 130 оқушы республикалық кезеңге өтті, – деді Оқу-ағарту бірінші вице-министрі Шолпан Каринова.

Жүлдегерлер арасында «Шешендік өнер» номинациясы бойынша Қарағанды қаласы Абай атындағы мектеп-гимназиясының 9-сынып оқушысы Еркежан Қаныш II орынға ие болды.

– Байқауға екі ай бойы дайындалдық. Біз қатысқан номинация ең қиын болды деп айтуға болады, өйткені біз Майқы биден бастап, бүгінгі күнге дейін шешендік өнерді зерттедік, талдап-таразыладық. Тек шығармаларды жаттап қана қоймай, жүзден астам танымал би-шешендердің өмірі мен шығармашылығы туралы мағлұматпен тереңірек таныстық. Біздің номинация бойынша 20-ға жуық бала қатысып, солардың арасынан оқушым Еркежан Қаныш II орынға ие болды, – деді Абай атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Жанкелді Кенжебайұлы.

Сондай-ақ, республикалық байқауда Қарағанды қаласының №61 жалпы білім беретін мектебінің 8-сынып оқушысы Нұрғасыр Изат «Көркемсөз» номинациясы бойынша III орын алды.

Құрметті оқырман!

ОБЛЫСТЫҚ «ORTALYQ QAZAQSTAN» ГАЗЕТІНЕ 2023 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ НАУҚАНЫ ЖҮРІП ЖАТЫР

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, Ермеков көшесі, 33-үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады

Санаттар	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)		«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		6 ай	5848,50	5919,00
		12 ай	11697,00	11838,00
Жеке жазылушылар үшін	12 айға 4116	6 ай	3100,50	3111,00
		12 ай	6201,00	6222,00

Санаты	Жеткізусіз	«Қазпошта» АҚ каталогымен қала бойынша	«Қазпошта» АҚ каталогымен аудан/ауыл
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін		10257,00	10470,00
Жеке жазылушылар үшін	3492	5577,00	5706,00

Анықтама телефоны:
8 771 528 86 46, 8 702 656 70 61
E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru

● МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Үлкен жүрек – Үкіметтік емес ұйымдарда

Азаматтық институттардың қалыптасуында үкіметтік емес сектордың үлесі зор. Оны бүгін қоғам тұрмыс-тіршілігінде айқын сезініп келеді. Өйткені елімізде үкіметтік емес ұйымдарды мемлекеттік қолдау тұжырымдамасы бекітілгеннен бері бұл ұйымдар билік пен бұқара арасындағы дәнекерге айналған. Тәуелсіз жүріп, толағай жұмыс тындырды. Түрлі әлеуметтік топтың әр алуан мәселесін шешуде жұдырықтай жұмыла білген ұйымдардың ерен еңбегіне жалпақ жұрт куә. Кеше Қарағандыға еліміздің түпкір-түпкірінде тең қоғам үшін тынымсыз еңбек еткен осынау ұйым өкілдері жиналды. Ұлы істерге ұйытқы болған оларға республикалық сыйлықақы табысталды. Атаулы шараға Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі арнайы қатысты.

Қызғалдақ АСҚАРҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әлеуметтік бастамашыларға сыйлық

Үкіметтік емес ұйымдарға сыйлықақы оларды ынталандыру үшін 2017 жылдан бастап беріліп келеді. Бұл сыйлық – аталған ұйымдардың әлеуметтік маңызды проблемаларды шешудегі қосқан үлесіне тарту. Биылғы байқауға 15 бағыт бойынша 213 үкіметтік емес ұйым қатысса, іріктеу кезеңіне оның 189-ы өткен екен. Кеше соның 54-і жеңімпаз танылды.

– Қасиетті Қарағанды өңірінде баршаңызбен дидарласып отырғаныма қуаныштымын. Мемлекет басшысы Қарағанды облысына сапарында «Қарағанды – тек табиғи байлығымен ғана емес, тарихи, рухани-мәдени байлығымен де танылған» деген болатын. Шынында, алыптар мен арыстардың мекені Қарағанды жақсы істер мен игі бастамалардың басында тұрады. Бүгінгі өтіп жатқан шара сол игі дәстүрдің жалғасы іспеттес.

Әділетті Қазақстанның негізгі өзегі – азаматтық қоғам десек, үкіметтік емес ұйымдардың нәтижелі жобалары елдің дамуына серпін берері сөзсіз.

Өздеріңізге мәлім, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында елдегі қоғамдық-саяси реформалардың жаңа бағытын жариялады. Оның ішінде азаматтық қоғам институттарының рөлін нығайтуға да басымдық берілгені белгілі. Үкіметтік емес ұйым өкілдері халық пен билік арасындағы байланысты нығайтып, қоғамдық диалогтың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан да, біздің негізгі мақсатымыздың бірі – олардың әлеуметтік бастамаларына қолдау көрсету, көтерілген мәселенің шешімін табуына жағдай жасау. Мемлекеттің азаматтық қоғам институтына қатысты тиімді жұмысының арқасында бүгінде үкіметтік емес ұйымдардың қатары 5 есеге артып, олардың саны 23 мыңға жетті. Соңғы 18 жылда әлеуметтік мемлекеттік тапсырыс көлемі аймақтарда 100 пайызға ұлғайды. Бұл әлеуметтік мәселелерді шешуде үкіметтік емес ұйымдардың белсенділігін көрсетеді, – деді Дархан Қуандықұлы.

Бұл марапатты бүгінге дейін 300-ге жуық ұйым иеленген екен. Биыл байқауға қатысқандарды сараптаған қазылар алқасы да жаңарған. Сонымен, әлеуметтік бастамалар мен белсенділігі үшін еліміздің әр өңіріндегі үкіметтік емес ұйымның 54 өкілі жеңімпаз атанды.

Жеңімпаздардың 21,8 пайызы – әлеуметтің осал топтарын қолдаудағы, 12,7 пайызы – білім, 10 пайызы – ақпарат, денешынықтыру, спорт саласындағы, 10,9 пайызы – халықты жұмыспен қамтудағы, 9 пайызы – жастар саясаты мен балалар бастамаларын қолдау бағытындағы, 15 пайызы – ауылдық үкіметтік емес ұйымдар.

Жалпы, елдің бар өңірінде 52 азаматтық орталық жұмыс істейді. Ол орталықтар үшінші сектор әлеуетін арттырып, үкіметтік емес ұйымдарға бір терезе қағидаты бойынша әдістемелік қолдау көрсетуде. Осы шара аясында үкіметтік емес ұйымдардың жобалық портфелі 15 мыңға дейін өскен.

Сонымен бірге, Дархан Қыдырәлі министрлік тарапынан азаматтық сектормен жұмыс істеу, ҮЕҰ-мен жобалық ынтымақтастықты трансформациялау бойынша бірқатар бастамалар қолға алынғанын айтты.

«Үкіметтік емес ұйымдарды қаржылай қолдау тетіктерін жетілдіру бойынша заң қабылданды. Заң аясында қоғам мен жұмыс істейтін жаңа мемлекеттік қолдау тетігі – стратегиялық әріптестік енгізілді. Ауылдық жерлердегі азаматтық бастамаларды қолдау тетігі әзірленді. Гранттық қаржыландыру жүйесін ауылдық қоғамдық ұйымдардың сұранысына бейімдеп, жеңілдетілген режим ұсынылды. «Қоғамдық бақылау туралы» заң жобасы әзірленді», – деді Дархан Қуандықұлы.

2-бетте

● КОНФЕРЕНЦИЯ

Азаматтық институт әлеуметке тірек

Сағыныш ӘБІЛ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды қаласында «Қарағанды облысының азаматтық секторы – Қазақстанның даму жағдайында» атты облыстық үкіметтік емес ұйымдардың өңірлік конференциясы өтті.

Шараға облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет, Қазақстанның Азаматтық Альянсының президенті Бану Нұрғазиева, «Қарағанды облысының Азаматтық Альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Дмитрий Полтаренко, сондай-ақ бірқатар мемлекеттік органның және аймақтағы үкіметтік емес ұйымдардың басшылары мен аудандардан өкілдер қатысты.

2-бетте

Үлкен жүрек – Үкіметтік емес ұйымдарда

(Соңы. Басы 1-бетте)

Министрдің сөзінше, саладағы басты стратегиялық құжат – елдегі үкіметтік емес секторды дамытудың жаңа векторын қамтитын азаматтық қоғамды дамытудың 2020-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы іске асып жатыр. Волонтерлық қызметті дамыту арқылы азаматтық белсенділікті арттыру шаралары қабылдануда.

Ten Qogam – көмекке әзір

Жұмыс сапары барысында министр Қарағанды қаласындағы Ten Qogam әлеуметтік бейімдеу орталығының ашылуында болды.

Кеше ғана есігін айқара ашқан Ten Qogam әлеуметтік бейімдеу орталығы Қарағанды қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің әлеуметтік тапсырысы бойынша Qamqor plus мүгедектер қоғамдық бірлестігінің бастамасымен ашылды. Он екі маман мүмкіндігі шектеулі жандарға барлық қажетті ақпараттық-консультациялық және ресурстық қолдау көрсетуге дайын.

– Бүгінде Қарағандыда 25 мыңнан астам мүгедек адам тұрады. Біздің жобаның басты мақсаты – оларды әлеуметтік қамсыздандыру, жұмыспен қамту мәселелері бойынша ақпараттандыру және кеңес беру. Біз әлеуметтік бейімделуге, Мемлекеттік қызметтерді алу үшін құжаттарды ресімдеуге, оңалтудың техникалық құралдарын таңдауға көмектесеміз. Біз әлеуметтік қызметтер порталы жұмысының қыр-сырын түсіндіре аламыз. Біздің орталықта заңгер мен психологтың кеңестері де қолжетімді, – деді орталық басшысы Аслан Қабегенов. Орталықта өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы бар. Қызметкерлер онлайн және офлайн форматта да көмекке дайын.

Мақсат – инклюзивті қоғамды дамыту

Одан соң Мүгедектердің халықаралық күніне орай ұйымдастырылған шараға қатысты. 3 желтоқсан – БҰҰ ұйғарымы бойынша Мүгедек адамдардың халықаралық күні болып жарияланған. Бұл атаулы күннің мақсаты – инклюзивті қоғамды дамыту, мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға тең құқылы азамат ретінде араластыру. Елімізде мүгедек жандардың құқығын қорғау және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар бар. Мүгедектіктің алдын алу, білім алуға қолжетімділік, кедергісіз орта, жұмыспен қамту, тиімді оңалту, әлеуметтік қызметтер және қоғамдық сананы жаңғырту бүгінде қоғамның басты назарында.

Расында, қоғам бұл күні мүгедектердің мүддесін қорғауға әзір. Соның ішінде, мыңдаған үкіметтік емес ұйымдар жергілікті билікпен бірлесе, осы санаттағы азаматтардың өмір сүруін жеңілдетуге барынша жағдай жасауды мақсат тұтқан.

Деректерге сүйенсек, аймақта 55 мыңнан астам мүгедек бар. Ол – облыс тұрғындарының 5 пайызға жуығы. Облыс бюджетінен оңалту құралдарымен және қызметтермен қамтамасыз ету үшін 1 млрд.теңге қаржы бөлінген. 2021 жылдан бастап, мұндай құрал-жабдықтарды «Әлеуметтік қызметтер порталы» арқылы тапсырыс беріп, алуға мүмкіндік жасалған.

– Өмірдің қиындықтарына мойымай, мәселелердің шешім табуына үлес қосып жүрген жандар бүгін ортамызда. Сіздердің бойларыңыздағы қайсарлық, өмірлік ұстаным біз үшін зор өнеге. Сіздер облыстың ең белсенді азаматысыздар. Облыста 55 мыңнан астам мүгедек азамат тұрады. Оларға түрлі мемлекеттік қолдау көрсетіледі, – деді аймақ басшысы Жеңіс Қасымбек.

2022 жылы 25 мың азамат оңалтуға қажетті құралмен қамтылып, көмек көрсетілген. Бүгінде аймақта арнайы әлеуметтік қызмет көрсететін 70 ұйым бар. Бірінші жартыжылдықтың қорытындысы бойынша мұндай қызмет түрінің игілігін 9 мыңнан астам адам көріпті.

Аймақта мүгедектермен жұмыс жөнінде әкім кеңесшілері бар. Мүмкіндігі шектеулі 4 тұлға жергілікті билік ұйымдарына ұсынылған. Облыстың 11 өңірінде «Инватакси» – тегін көлік тасымалы жолға қойылыпты.

Министр Дархан Қыдырәлі сөз кезегінде елде инклюзивті орта құру үшін қандай жұмыстардың жүйесін тапқанына тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың инклюзивті, ашық бәсекелестік орныққан және бәріне тең мүмкіндік берілетін Әділетті Қазақстанды құру бастамасының басты идеясы – Equality, яғни, теңдік деп ойлаймын. Бұл тұрғыда мүгедектігі бар адамдарды қолдауда жан-жақты жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мәселен, биыл Президент «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мүгедектігі бар адамдардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды.

Мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік саясат олардың қоғамға толыққанды интеграциялануына және халықтың осы санаты басқалармен тең өмір сүруі, жұмыс істеуі және оқуы, қоғам өміріне еркін араласуы, шешімдер қабылдауы үшін кедергілерді жоюға бағытталған іс-шаралар жүзеге асып жатыр.

Осы жиын алдында Жеңіс Махмұдұлымен барып көрген Ten Qogam әлеуметтік бейімдеу Орталығы соның бір көрінісі деп айтуға болады. Әріптестердің жұмысына сәттілік тілеймін, – деді министр.

Ал, аймақта азаматтық ұстанымдарымен әлеуметтік мәселелер түйінінің шешілуіне мұрындық болған бірқатар үкіметтік емес ұйым өкілдеріне марапаттар табысталды.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Азаматтық институт әлеуметке тірек

(Соңы. Басы 1-бетте)

Модератор, «Қарағанды облысының кәсіпкерлер ассоциациясы» қоғамдық бірлестігінің атқарушы директоры Серік Санаубаев конференцияның маңызына егжей-тегжейлі тоқталды.

Өңірдегі азаматтық қоғам институттарын дамыту, үкіметтік емес ұйымдардың қызметін жұмылдыру, олардың міндеті туралы тұрғындарды ақпараттандыру, қоғамдық ұйымдардың оң имиджін қалыптастыру әрі әлеуметтік қызметтерді көрсететін осындай ұйымдардың мәртебесін көтеру мақсатында өткізіліп отырғандығын тілге тиек етті.

– Үкіметтік емес сектордың дамуы мен қалыптасуы – демократиялық мемлекеттің негізгі және құрамдас бөліктерінің бірі. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан Қазақстанда азаматтық қоғам маңызды роль атқаратын мемлекет құру басты мақсат болды. Саяси, әлеуметтік-экономикалық және басқа да қолға алған реформаларды жүзеге асыру мақсатында жұмыстар жүргізілуде. Мұның дәлелі, үкіметтік емес ұйымдар қызметінің белсенділігі. Бүгінде елімізде 22 мыңнан астам үкіметтік емес ұйым ресми тіркелсе, соның 1000-ға жуығы Қарағанды облысында. Осы орайда, облыста үкіметтік ұйымдардың қатысуымен мемлекеттік тапсырысты орындауда 3,9 млрд. теңгеге 198 жоба іске асырылуда. Үкіметтік емес ұйымдар қоғам қызметінің барлық салаларын қамтиды. Әділетті Қазақстанды құруда, өңірдің алға қойылған міндеттерін шешуде үкіметтік емес ұйымдардың ролі маңызды, әрі қомақты үлес қосатынына сенеміз – дейді, облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұлов.

Қоғамда үкіметтік емес ұйымдардың араласуымен көптеген мәселелер шешімін тапты. Олар қоғамдағы өзекті мәселелерді ескере отырып, талқылап, нақты жүзеге асыруға зор үлес қосты. Әрі болашақтағы басымдықтарды айқындады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: Бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазіргі және әрдайым» атты сайлауалды бағдарламасында негізгі үш –Әділетті Қазақстан, Әділетті экономика, Әділетті қоғам басымдықтарына баса назар аударды. Барлық саланы қамтыған бөлімдерде саяси жаңғыру, экономикалық саясат, әлеуметтік қорғау, экологиялық мәселелерге де жіті мән берілген – дей келе азаматтық қоғам істері комитетінің төрағасы Мадияр Қожахмет, үкіметтік емес ұйымдарға билік пен қоғам арасында тұрақты диалог орнату үшін қолдау көрсетіп, әлеуетін арттыру қажет екенін де айтып өтті.

Сонымен қатар, «Қарағанды облысының азаматтық альянсы» заңды тұлғалар бірлестігінің президенті Дмитрий Полтаренко да, азаматтық қоғам институттары оның ішінде үкіметтік емес ұйымдар өңірдің қоғамдық-саяси өміріне белсене атсалысып, көптеген әлеуметтік мәселелерді шешуде жүйелі жұмыстарды жүзеге асырып жатқанына тоқталды. Сонымен қатар, аталмыш үкіметтік емес сектордың конкурстарға түсуде кездесетін кедергілерді де тізбектеп айтып, жауапты мемлекеттік органдар мемлекеттік сатып алулардағы техникалық ерекшеліктерге бақылау жасау қажеттігін айтты. Көп жағдайда мемлекеттік конкурстарда өзге аймақтардан да мемлекеттік емес сектордың түсуі жиілеп кеткен. Бұл сапалы қызмет көрсетуге үлкен кедергі. Әр аймақтың өз ерекшелігі ескерілуі тиіс екендігін баса айтты.

Қоғамдық процестерді талдауды зерттеу орталығының атқарушы директоры Серік Тлекбаев дін мәселелеріндегі азаматтық сектордың ролі, «Lituanica» қоғамдық бірлестігінің төрағасы, ҚХА бас кеңесінің мүшесі Виталий Тварионас ұлттық мәдени орталықтардың қызметі, проблемалары және даму перспективалары туралы, «Талбесік» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Ләззат Қожахмет халықтың әлеуметтік осал топтарымен жұмыс мәселелері бойынша, «Отражение» қоғамдық бірлестігінің өкілі Диас Қорабаев экология саласындағы өзекті мәселелер туралы тұшымды баяндама жасап, өзекті мәселелерді көтерді.

Қазіргі таңда тұрғын үй мәселесін шешуге арналған мемлекеттік бағдарламалар игілігін көпбалалы отбасылардың көре алмай отырғандығы. Яғни, пайызы төмен болғанымен, баспана бағасының қымбаттап кетуі мен жөндеу жұмыстарына жұмсалатын қомақты қаржыны кез келген отбасының қалтасы көтере бермейтіндігі, сондай-ақ, кейбір мемлекеттік бағдарламалардың орындалысы да көңіл көншітпейтіндігі конференцияда өзекті мәселе ретінде көтерілді.

– Мемлекет тарапынан жастар саясатын қолдауда көптеген бағдарламалар қабылданып, іргелі жұмыстар атқарылуда. Алайда, жастар саясатын жүзеге асыруда түрлі тапсырыстарды орындауда қиындықтар бар. Кез келген жобаның көздеген мақсаты болады. Кейбір сырттан келетін үкіметтік емес секторлар көбіне нақты мақсатты емес, коммерциялық мақсатты жоғары қояды. Осыған орай, сапа жапа шегеді. Бұны қанша ойлансам да шешудің жолын таппадым. Мүмкін заңды, тәртіпті қатаңдату керек. Әлеуметтік салада коммерциялық үлес болмауы керек. Мемлекеттік сатып алу базасында көптеген жобалардың мерзімі біржылдық қана. Бұл үлкен қателік. Бір жылда нәтижеге жету мүмкін емес. Бірінші жылда зерттеу-зерделеу, жоспар құру болса, қалған екінші, үшінші жылда бағдарламаны жүзеге асырамыз. Және жастарды қолдау аясында кәсіпкерлік сауатты арттыруға бағытталған түрлі оқу-ағарту шаралары жүзеге асып жатады. Бұдан гөрі жастарға саяси сауатты арттыратын іс-шаралар жүргізілгені дұрыс болар еді, – дейді «Pixel» жобалық студиясының басшысы Абай Амантай.

Конференция барысында қоғам қайраткері, «Parasat» саяси науқандарды бақылау қоғамдық бірлестігінің төрайымы Майра Абдрахманова, «Жарқын болашақ» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Сұлтан Шаймағанбет, теолог, әл-Машани мешітінің имамы Жанболат Қошкелдиевтер үкіметтік емес секторлар, олардың қызмет аясын кеңейту, жауапкершілігі әрі заңнамалық тұрғыда бірқатар ұсыныстарын айтты. Мемлекет басшысының Жолдауында айтылған міндеттердің бірі – «халық үніне құлақ асатын мемлекетті» әрі қарай нығайту, бірлесе жұмыс жасау, халықпен пікірлесу, олармен санасу қажет екендігі де сөз болды.

Конференция соңында оң нәтиже көрсетіп жүрген қоғамдық бірлестіктер марапатталды.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қарағанды филиалы хабарлайды

Облыс азаматтарының назарына!

Қазақстан Республикасында айырбастау операциялары тек қана айырбастау пункттері арқылы жүргізіледі.

Айырбастау пункттерін уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдар аша алады. Әрекеттегі айырбастау пункттерінің тізілімдері Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайтында көрсетілген.

Айырбастау операцияларын айырбастау пункттерінен тыс жүргізілуі заңсыз операцияларға жатады және осы үшін әкімшілік жауапкершілік көзделген.

Сонымен қатар, азаматтардың айырбастау пункттерінен тыс айырбастау операцияларын жасаған жағдайда, алаяқтардың түрлі-түрлісімен мәмілелер жасау қаупі едәуір артады.

Сақ болыңыздар, айырбастау операцияларын тек заңды айырбастау пункттері арқылы жүргізіңіз.

● БӘРЕКЕЛДІ!

Оқушы университет грантын алды

Президенттік олимпиаданың республикалық кезеңі 29 қараша мен 2 желтоқсан аралығында академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінде өтті. Зияткерлік сайысқа еліміздің түпкір-түпкірінен келген 191 оқушы қатысты. Олимпиаданың ерекшелігі – бас жүлде алған оқушыларға еліміздің беделді жоғары оқу орындарында оқуға білім гранты беріледі.

Олимпиадаға қатысып, білімін сынаған Қарағанды қаласы №2 Білім-инновация лицейінің 11-сынып оқушысы Аңсар Сейітқали Қазақстан-Британ техникалық университетінде оқуға грант жеңіп алды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

– Президенттік олимпиада – дарынды оқушыларды анықтауға көмектесетін және олардың әлеуетін іске асыруға жол ашатын бірегей жоба. Олимпиаданың алғашқы жеңімпаздарының бірі – Санжар Оразбаев zapis.kz электрондық журналдың негізін қалаушы және директоры, ал Ернар Самтиков Аризона штатының университетін «Биомедициналық инженерия» мамандығы бойынша бітіріп, «Айкүне» сау омыртқа орталығын басқарады. Тағы бір олимпиадашы, қазір Шымкенттің «Білім-инновация» лицейінің мұғалімі Нұрлан Сүйеуов «Үздік педагог – 2022» атағына ие болды. Мұның бәрі Президенттік олимпиаданың табысты өмірге трамплин ретінде қызмет ететінін көрсетеді, – деп атап өтті «Дарын» РҒПО директоры Әнуар Ұнайбеков.

Жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша өткен олимпиаданың 35 жүлдегері Қазақстан-Британ техникалық университетінде, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінде, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінде және Торайғыров университетінде оқитын білім грантын жеңіп алды.

Президенттік олимпиадаға Қарағанды облысынан сегіз оқушы қатысты. Олардың ішінен №2 Білім-инновация лицейінің 11-сынып оқушысы Аңсар Сейітқали және «Дарын» мамандандырылған мектеп-интернатының оқушысы Аружан Бүтімбаева жүлдегер атанды. Аңсар Қазақстан-Британ техникалық университетінде оқуға грант жеңіп алды, ал Аружан олимпиадада жүлделі III орынға қол жеткізді.

– Олимпиададан керемет әсер алдым. Бұл мен үшін жаңа тәжірибе. Әдетте жіті дайындаламын, оған қоса қатты уайымдайтынмын, бірақ бұл жолы сабыр сақтау керек деп шештім. Жақсы нәтижеге жеткеніме және грант алғаныма өте қуаныштымын. Биыл мектеп бітіремін, қайда баратынымды шешу керек. Өмірімді химиямен және оқытумен байланыстырғым келеді, – деп бөлісті Аңсар.

Президенттік олимпиаданың жабылу салтанатында Е.Бөкетов атындағы ҚарУ ректоры Нұрлан Дулатбеков:

– Университет ұжымы атынан сіздерге ғылыми мақсаттарға қол жеткізуде табыс тілейміз. Осы олимпиаданың, сондай-ақ, басқа да республикалық, халықаралық олимпиадалардың жүлдегерлері атанған оқушыларға және болашақ 1-курс студенттеріне химия, математика, физика пәні бойынша Бөкетов университетінің белгілі ғалымдарының атаулы стипендияларын бөлу туралы мәселелер ғылыми кеңесте қаралатын болады, – деді Н.Орынбасарұлы.

● КОМИССИЯ ОТЫРЫСЫ

Қарағанды қартайып бара ма?

Коллаж жасаған Арайлым КОКТАЕВА

Қазіргі проблеманы жіпке тізе берсе жетіп артылады. Бесіктен белі шықпастан өзі бесік тербеткен балалар, бедеулік қамытын киген ерлер мен әйелдер салдарынан қартайып келе жатқан Қарағанды, мүгедек баласын аяққа тұрғызу үшін барымды саламын деп, өз-өзін жігерлендірген жалғызбасты аналар, отбасын сақтап қалу үшін «үйдегі тиранның» соққысына жылдар бойы төзіп, қайғысын жұтқандар... Осы жайттардың қай-қайсысында болсын жалғыз қалып, проблемаға қарсы тұрғанда «мен» деген мықтының өзі сынып кетері анық. Әлбетте, жауырды жаба тоқығанша, барды бар деп баттитып көрсетіп, өзекті тілде айта отырып, шешу жолдарын бірлесе тапқанда ғана, тығырықтан шыға аларымыз анық. Осы мақсатта Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі, Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі екі облыстық комиссияның кеңейтілген отырысы облыс әкімінің орынбасары Ербол Әліқұловтың қатысуымен өтті.

Салтанат ІЛИЯШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Бибігүл Төлегенованың айтуынша, 2021 жылы облыста кәмелетке толмаған 57 қыз бала жүктілікпен тіркелген. Өзі де әлі балалықтан арылмағандардың 45-і – сәбиін қалдыруға шешім қабылдаса, 12-сі жүктілігін үзген. Ал, биылғы 10 айдың көрсеткіші бұл сорақылықтың сәл де болса азайғанын көрсетті. Мәселен, 52 жағдай тіркелді десек, оның 31-і – балаларын сақтап қалса, 9-ы – аборт жасатқан. Дегенмен, Бибігүл Райханқызы биыл жасөспірімдер жүктілігінің төмендеу үрдісі байқалғанын айтып отыр.

– Репродуктивті денсаулықты сақтаудағы маңызды міндеттердің бірі – отбасын жоспарлау және кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу. Осы мақсатта облыста жастар денсаулық орталықтары жұмыс істейді, онда 10 жастан бастап консультациялық-профилактикалық іс-шаралар өткізіледі. Бұл орталықтарда түсік жасатудың алдын алу, контрацепция әдістері және жастардың репродуктивті денсаулығының басқа да мәселелері бойынша кеңес беріледі. Әлеуметтік осал топтағы әйелдер мен жасөспірімдерде жүктіліктің алдын алу үшін 2022 жылы 8 117 адам контрацепция түрлерімен қамтылды, – дейді Бибігүл Төлегенова.

Жасөспірімдер арасындағы көрсеткіш осындай болса, облыстағы 716 298 әйелдің 326 335-і ғана бала тууға қабілетті. Медициналық тексеруден өткен 301 116 қыз-келіншектің 17 пайызында түрлі гинекологиялық ақаулар, 12 пайызында жыныстық жолмен берілетін инфекциялар, ал, қалған 36 пайызында басқа да патологиялар анықталған.

Ал, ер адамдар арасындағы бедеулік көрсеткіші салыстырмалы түрде қарағанда, төмен. Облыста шамамен 1300 ер адамға бедеулік диагнозы қойылған. Бұл, әлбетте, ерлердің балалы бола алмау себебін өзінен емес, көп жағдайда әйелден көріп, проблемадан қашуына да байланысты екенін айтады мамандар.

– Қазақстандағы ер адамдар әлі де репродуктивті денсаулықты анықтау үшін міндетті скринингтен өтпейді және бұл баласыз жұптардың жалпы санына әсер етеді, – дейді комиссия отырысына қатысқан социология магистрі, Е.Бөкетов атындағы ҚарУ-дың аға оқытушысы Татьяна Резвушкина.

Сондай-ақ, Бибігүл Райханқызы облыс халқының қартайып келе жатқанын да айтады. Яғни, қартаю коэффициенті республикамен салыстырмалы түрде қарағанда – жоғары. Оның себебі – жастардың өзге облыстарға қоныс аударуы мен туу көрсеткішінің төмендігі. Ал, туу көрсеткішіне жыныстық жолмен берілетін аурулардың тікелей әсері бары сөзсіз. Мысалы, Қазақстанда АИТВ-ЖИТС диагнозымен есепте тұрған адамдар саны туралы деректер пациенттер санының қарқынды өсуін көрсетеді. 2016 жылы олардың саны – 16 429 болса, 2020 жылы – 7 331 адамға артып, 23 760-қа жеткен.

– Ерлер арасында АИТВ, ЖИТС-пен сырқаттану санының өсуі олардың өз денсаулығына қатысты жаңа құндылық көзқарастарын қалыптастыру қажеттілігін туғызады. Бұл жағдайда әркім өз денсаулығы үшін жауапты болуы тиіс. Қазақстандық ерлер денсаулығына қатысты гендерлік стереотиптерді өзгертіп, уақытылы дәрігерге қаралуы тиіс, – дейді Татьяна Резвушкина.

Отырыс барысында Бибігүл Төлегенқызы тағы бір болжаммен бөлісті. Маман әр жиырма жылда сифилис, яғни мерез ауруының толқыны болатынын айтады. Бұл келесі, яғни, 2023 жылы болады деп күтілуде.

Ербол Әліқұлов отырыс соңында кәмелетке толмағандар арасында ерте жүктіліктің алдын алу үшін бірлесе жұмыс жасауға шақырды. «Деректер жасөспірімдер арасындағы жүктіліктің азайғанын көрсеткенімен, әлі де бар екенін жоққа шығара алмаймыз» деген ол бұл дертпен қоғам болып күресу керек екенін алдыға тартты. Комиссия отырысының нәтижесі бойынша тиісті шаралар қабылданып, жұмыстар жүргізілетін болады.

● ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қарт ананың қарашаңырағы жөнделді

Биыл күз айында Балқаш қаласының тұрғыны, үш бала мен қарт ананың қамқоршысы «Коунрад» корпоративтік қорынан («Сары Казна» ЖШС және «Медная компания Коунрад» ЖШС құрған) көмек сұраған екен. Қор басшылығы ананың өз күшімен салған үйінің ішін абаттандыру туралы өтінішіне құлақ асып жөндеу жұмысын жүргізді.

Нұрдос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қараша айының соңында үй иелері жөндеу жұмысы жасалған баспанаға кірді. Лондон қаласынан осы салтанатты іс-шараға арнайы келген «Коунрад» корпоративтік қорының президенті Ник Ширли қатысып, отбасыға бақыт пен байлық тілеп, жылы ошақтың символы ретінде жаңа асүй пешін сыйға тартты.

Айта кетейік, жөндеу жұмысы барысында «Медная компания Коунрад» ЖШС құрылыс бригадасының қызметкерлері еденді бетонмен тегістеп және газоблоктардан ішкі қабырғаларды тұрғызған. Төбені оқшаулау және керу, электр қуатын жеткізу және монтаждау, қасбеттерді, үй ішіндегі қабырғаларды сылау, шатырды сайдингпен қаптау, пластикалық терезелерді, ішкі және кіреберіс есіктерді орнату, сонымен қатар суық су құбырын, септикті, жылыту жүйесін, қазандықтары бар ванна бөлмесін орнату және көптеген басқа жөндеу жұмыстарын атқарған.

Жоба екі жарым ай ішінде жүзеге асырылып, құрылысшылар күн суытқанға дейін барлық жұмыстарды аяқтады. Бұл қайырымдылық көмекке барлығы 10 миллион теңгеден астам қаражат жұмсалды.

БАЛҚАШ

● РЕСМИ

Ең төменгі зейнетақы – 53 мың теңге

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (БЖЗҚ) зейнетақы жинағының 2023 жылға белгіленген ең төменгі жеткілікті шегі жас мөлшеріне байланысты 3-10 миллион теңге аралығында болады.

20 жастағы қазақстандықтар үшін бұл көрсеткіш 3 миллион 260 мың теңгені (2022 жылы – 3 миллион 140 мың теңге), 30 жастағы азаматтар үшін – 4 миллион 580 мың теңгеге (2022 жылы – 4 миллион 370 мың теңге) тең, ал 40 жастағы азаматтар үшін – 6 миллион 100 мың теңгені (2022 жылы – 5 миллион 790 мың теңге) құрайды.

2023 жылы ең төменгі жалақы көлемі 70 мың теңге болады. Ең төменгі зейнетақы мөлшері – 53 мың теңге шамасында. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 24 341 теңге. Ең төменгі күнкөріс деңгейі – 40 567 теңгені құрайды.

Өз тілшімізден

● ЖАЗЫЛҒАН ЖАЙДЫҢ ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Балабақшалардың барлығы қазақша болса...

Газетіміздің 29 қазан күнгі санында «Мектептегі мемлекеттік тіл: Мұғалімдер не дейді?» атты мақала жарияланған еді. Оны оқыған астаналық азамат Владислав Тен тіл үйрету жайлы ойын редакцияға жолдапты. Владислав Өзбекстанда туған кәріс азаматы. Осыдан біраз жыл бұрын өзгелерге үйретемін деген мақсатпен қазақ тілін үйренуді бастаған. Қазір өзі ашқан Тіл үйрету орталығының жұмысы қарқынды жүріп жатыр.

Редакциядан

Өзім алты жыл бұрын қазақ тілін өзгелерге үйретемін деген мақсатпен үйреніп алдым. Сол кезде «Қазақстанда тұратын орыс тілділерге (олардың ішінде қазақтар да бар) қазақ тілін үйренудің несі қиын?» деген мәселе төңірегінде көп ойландым. Қазақ тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады, ал орыс тілі славян тобында. Бір-біріне ұқсамайды, сөз тәртібі мүлде басқаша. Сол себепті қазақ тілін үйренгенде ең маңызды сөз жаттау емес, грамматика. Мәселен, орыс тілінде қазақ тіліндегідей етістіктің түрі көп емес. Қазақ тілін білмейтіндерге етістіктердің ерекшелігін дұрыстап түсіндірсе, қазақ тілін үйрену оңайырақ болады. Біздің елде адамдар қазақша түсінбеген соң, сөйлемейді, соның салдарынан тілдік орта қалыптаспайды. Неге ТМД-дағы кәрістер кәрісше білмейді. Себебі, тілдік орта жоқ, орыс тілді қазақтарда да осы мәселе бар. Біз оларға тілді академиялық тұрғыдан түсіндіріп, көмектесуіміз керек.

Қазақша аздап білетін адам тіл үйрену орталығына бармайды. Адамдармен араласа жүріп сөйлеп кетеді. Ал, бізге келетіндер мүлде түсінбейтіндер. Ірі қалаларда әке-шешесі қазақша жақсы білетін балалардың өзі қазақша сөйлемейді. Ата-анасы қазақша сұрақ қойса, бала орыс тілінде жауап береді. Себебі, тілдік орта орысша. Ал, кейбір қазақ тілін білмейтін ата-аналар, балам қазақша үйренсін деп, қазақ балабақшасына жіберсе, ондағы тәрбиешілер де, балалар да орыс тілінде сөйлейді. Сөйтіп орыс тіліндегі орта өз-өзінен қалыптасады.

Қазақ тілді ортаның қалыптасуына кедергі болатын тағы бір нәрсе, орысша сөйлейтін қазақтар «біз қазақпыз ғой, қазақша қатесіз сөйлеуіміз керек» деп өздеріне қатаң талап қояды. Ал, мен қате сөйлесем де, акцентпен сөйлесем де, қазақша сөйлей бердім, сол себепті де үйреніп алдым. Біздің қоғам қазақша сөйлегісі келген әрбір адамға күлмей, кінәламай, қолдап, көмектесуі қажет.

Мәселен, мектептердің барлығында қазақ тілі секілді ағылшын тілі оқытылады, оның да нәтижесі аз. Бірақ, оқушылар ағылшынша жақсырақ біледі. Себебі, балалар ең көп көретін интернет тілі – ағылшынша. Ата-ана да баласымен өз ана тілінде сөйлеспейді, өйткені күні бойы жұмыста. Балаларымыз интернетте ұзақ отыратын болғасын, ағылшын мен орыс тіліне тез бейімделеді. Бара-бара ағылшынша, орысша сөйлегенге еті үйреніп, қазақ тілін қажет етпей кетеді. Балалардың жазығы жоқ, орта қай тілде сөйлесе сол тілді жақсы біліп шығады.

Ал, мектепке келсек, мектепте қазақ тілін оқыту жүйесін өзгерту керек. Ең жақсысы Қазақстандағы балабақшаның барлығы қазақ тілінде болғаны жөн, тәрбиешілердің барлығына балалармен қазақша сөйлесу керек деп талап қою керек. Бұл – менің жеке пікірім. Әрине, ол үшін тәрбиешілерді ынталандырған дұрыс болады.

Владислав ТЕН,
полиглот,
тіл үйрету орталығының жетекшісі

Белсенді ұстаным

Халық пен билік арасындағы көпір ретінде өзекті мәселелерді шешуге ықпал ететін облыстық мәслихат қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, облыстық мәслихаттың регламенті мен жыл сайынғы жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асады. Биыл эпидемиологиялық жағдайға байланысты облыстық мәслихат отырыстарының дені Zoom Cloud Meetings бағдарламасының көмегімен бейнеконференция режимінде өтті. Облыс әкімдігімен, мемлекеттік органдармен және саяси партиялармен тығыз байланыста жұмыс жасайтын облыстық мәслихат депутаттары Қоғамдық кеңес құрамында, консультативтік-кеңесші органдарда ойларын ашық білдіріп, тиісті нәтижелерге қол жеткізуде ықпал еткенін айту керек. Сәйкесінше, депутаттық корпус белсенді өмірлік ұстанымы, кәсібилігі арқылы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі үлес қосты.

Серік ӨТЕШОВ,
Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы

СЕССИЯ – МАҢЫЗДЫ ШЕШІМДЕР ТАРАЗЫСЫ

2022 жылдың басынан өнеркәсіп, білім беру, денсаулық сақтау, спорт, шағын және орта бизнес, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, агроөнеркәсіптік кешен өкілдері ретінде 38 депутат өз өкілеттіктерін жүзеге асырды. Сондай-ақ, AMANAT, «Aq Jol», «Ауыл» және Қазақстан Халық партияларының депутаттық фракциялары құрылғанын да айту керек.

Облыстардың бөлінуіне байланысты Қазақстан Республикасында облыстық мәслихат депутаттарының санында өзгерістер болғаны белгілі. Сәйкесінше, 2022 жылғы маусымнан облыстық мәслихатта 26 депутат бар. Функцияларын қоғамдық негізде жүзеге асыратын депутаттардың барлығында негізгі жұмыс орны бар екенін де атап айтқым келеді.

Сессия – облыстық мәслихат қызметінің негізгі нысаны. Яғни, әр сессия алдын ала жоспарланып, регламентке сай өткізіледі. Мәселен, 2022 жылы облыстық мәслихат депутаттары 11 сессия өткізді. Оның 4-і кезекті түрде өтсе, 7-сі – кезектен тыс. Сессия нәтижесінде 125 шешім қабылданды десек, оның 22-сі әділет органдарында тіркелетін нормативтік-құқықтық сипатта.

Есепті кезеңде сессия отырыстарында облыстық мәслихаттың шешімдерін орындау, 2021 жылғы тұрақты комиссиялардың есебі, 2021 жылға арналған бюджеттің атқарылуы мәселелері, одан бөлек, облыстың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру, жер ресурстарын ұтымды пайдалану туралы есеп қаралып, шешімдер қабылданған. Көрсетілетін арнаулы әлеуметтік қызметтер де депутаттар назарынан тыс қалған емес. Облыс әкімі де өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы депутаттар алдында есеп беретінін айту керек.

Облыстық мәслихат биылғы жылдың 8 желтоқсанында өтетін кезекті сессиясында облыс үшін өзекті мәселелерді қарауды жоспарлап отыр. Яғни, 2023-2025 жылдарға арналған облыстық бюджетпен қатар, облыстық мәслихат хатшысы 2022 жылы атқарған жұмыстардың есебін береді. Сондай-ақ, 2022 жылы қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының жүзеге асырылуы да осы сессия барысында қаралмақ.

Одан бөлек, жергілікті атқарушы органдардың ұсынысымен жыл бойы облыс аумағындағы шаруашылық алқаптарының түрлері бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерінің шекті (ең жоғары) мөлшері бойынша ұсыныстар, Қоғамдық кеңес құрамы, облыстың көлік инфрақұрылымын дамыту жоспары, аймақ бойынша ауыз сумен қамтудың баламасыз көздері болып табылатын маңызды топтық және жергілікті сумен қамту жүйелерінен халыққа берілген ауыз судың бір текше метріне төленетін ақы мөлшері қаралып, бекітілді.

2022 жылғы сәуірде Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлытау облысын құру туралы бастамасы қолдау тапты. Үкіметке Қарағанды облысының шекараларын өзгерту туралы ұсыныстар енгізілуіне байланысты, маусымда облыстық мәслихат қайта ұйымдастырылды.

Сондай-ақ, жыл ішінде облыстың жасыл желектерін күтіп-ұстау және қорғау қағидаларына және облыстың қалалары мен елді мекендерінің аумақтарын абаттандыру қағидаларына, облыс мәслихатының 2016 жылғы 29 қыркүйектегі №84 «Қарағанды облысының әлеуметтік маңызы бар қалалық (селолық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастарының тізбесін айқындау туралы» шешіміне, облыстың жеке әріптестік, консультативтік-кеңесші органдарының жеке құрамдарына өзгерістер енгізілді. Одан бөлек, облыстық бюджетті нақтылау мәселелері бойынша кезектен тыс төрт сессия өткізілді. Барлық нақтылаулар, ең алдымен үнемдеуден түскен қаржыны қайта бөлумен және облыстардың бөлінуіне байланысты өңірді дамытудың кезек күттірмейтін мәселелерін шешуге бағытталды.

Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттары сессияға тыңғылықты дайындалып, жұмысына белсенді қатысты. Жоспарлы мәселелерді талқылау кезінде депутаттар қаралатын мәселе бойынша өз ойларын білдіріп, соңында қорытынды беру тұрақты тәжірибеге енді.

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРДЫҢ ТҰРЛАУЛЫ ШЕШІМІ

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға сәйкес, мәслихат өз өкілеттігі мерзіміне тұрақты комиссиялар құрып, олардың төрағалары мен мүшелері депутаттар арасынан сайланады.

Сессияның күн тәртібі бойынша тұрақты комиссиялар жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдау туралы мәслихатқа ұсыныстар енгізуге, олардың қарауына жатқызылған мәселелер бойынша қорытындылар беруге құқылы. Тұрақты комиссиялардың құзыретіне жататын мәселелер бойынша қаулылар қабылданады.

Қарағанды облыстық мәслихатында бес тұрақты комиссия құрылған. Оның біріншісі – Бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту комиссиясы. Төрағасы – депутат К.Біржанов. Екіншісі – депутат Қ.Оспанова төрағалық ететін Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау комиссиясы.

Өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия төрағасы депутат С.Әдекенов. Ал, құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі комиссия төрағасы – депутат Т.Өтеубаев. Бесінші тұрақты комиссияға төрағалық ететін депутат Ж.Штергер. Аталған комиссия депутаттық өкілеттіктер, этика, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелерін қарайды.

Облыстық мәслихаттың бейінді тұрақты комиссияларының өткен кезеңдегі қызметі туралы толық есептерді төрағалар 2023 жылдың басында кезекті сессияда ұсынатын болады.

Әлеуметтік маңызы бар мәселелер үкіметтік емес ұйымдардың, даму институттарының, облыстың қала және аудан әкімдіктерінің, барлық деңгейдегі мәслихаттар өкілдерінің қатысуымен тұрақты комиссиялар отырыстарында қаралды. Биыл бейінді тұрақты комиссиялардың отырыстары кеңейтілген форматта өткенін және оларға басқа комиссиялардың депутаттары да қатысқанын айту керек.

Есепті жылы тұрақты комиссиялардың 43 отырысында 95 түрлі мәселе қаралды. Олардың қорытындысы бойынша 203 ұсыным қабылданып, 129-ы іс жүзінде орындалды. Ал, қалған 74 ұсыным мемлекеттік органдарға жіберіліп, орындалысы күтілуде. Тұрақты комиссиялардың ұсынымдарын іске асыру мәселесі мүдделі тараптардың қатысуымен өтетін отырыстарда ұдайы қаралып, бейінді комиссия төрағаларының тұрақты бақылауында.

Есепті кезеңде бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның 7 отырысында 16 мәселе қаралды. Нәтижесінде, 18 ұсыныс қабылданып, оның 10-ы орындалды. Ал, 8 ұсыныс мемлекеттік органдарға жіберілген. Оның орындалу нәтижесі үнемі назарда болады.

Комиссия отырыстарында қаралған маңызды мәселелердің бірі – облыстық бюджетке өзгерістер мен толықтырулар енгізу. Жыл бойы бюджет және жергілікті басқару мен өзін-өзі басқаруды дамыту жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Қ.Біржанов облыстық мәслихат сессиясының қарауына енгізілетін мәселелер бойынша қорытындылар беріп, қосымша баяндамалар ұсынды.

2022 жылы облыстық бюджет 4 рет нақтыланғанын айту керек. Оған инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру, әлеуметтік сала, агроөнеркәсіптік кешенді дамыту; табиғат қорғау іс-шаралары; облыс жолдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу; облыс аумағында қоғамдық тәртіпті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар; ақпараттық технологияларды дамыту саласындағы іс-шараларды жүзеге асыруға байланысты мәселелер негіз болды. Сондай-ақ, «Ауыл – Ел бесігі» жобасы шеңберінде ауылдық елді-мекенде тұрғын үй, инфрақұрылымдық және әлеуметтік объектілер салу, газ құбырын тарту, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылым жөніндегі іс-шараларды іске асыру да бар.

Тұрақты комиссияның бейіндік отырыстарында жергілікті өзін-өзі басқаруды нығайту мәселелері де қаралды. Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетінің қосымша мүмкіндіктері күшейтілуіне байланысты ауыл бюджетіне салықтық және басқа да салықтық емес түсімдердің 13 түрі берілді. Бюджет қаражаты есебінен 19 бағыт бойынша жергілікті өзін-өзі басқару шығыстары қаржыландырылады. Барлық ауылдық елді мекендердің бюджеттері субвенциялық болып табылады. Жүргізілген талдау бюджеттің төртінші деңгейінің шығыстары тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа, жолдарды жарықтандыруға, күтіп-ұстауға және жөндеуге, басқару аппараттарының жұмыс істеуін қамтамасыз етуге, мәдени-демалыс, спорттық іс-шараларды, әлеуметтік саланы және басқаларды қамтамасыз етуге бағытталғанын көрсетті.

Бүгінде жобаны талқылау және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» Заңын қабылдау процесі жүруде. Оған аудандық атқарушы және өкілді органдардың 50-ге жуық құзыреттері мен функцияларын жергілікті өзін-өзі басқару органдарының деңгейіне беруді көздеу ұсынылады. Депутат К.Біржанов осы Заң жобасын әзірлеу жөніндегі жұмыс тобының мүшесі екенін де айту керек.

Бейіндік комиссияның отырысында облыстық тексеру комиссиясы есепті кезеңде өткізген бағалау бойынша Қарағанды облысының даму бағдарламасын іске асыру туралы Мемлекеттік жоспарлау саласындағы уәкілетті органның есебі тыңдалды және қабылданды.

Депутаттық корпус өңдеуші өнеркәсіпті әртараптандыруды ынталандыру және бәсекеге қабілеттілігін арттыру, агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жағдайлар жасау, денсаулық сақтау жүйесін дамыту және халықтың денсаулық жағдайын жақсарту, халықты сапалы коммуналдық қызметтермен қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарламалық құжаттың нысаналы индикаторлары мен мақсаттарына толық қол жеткізбеу мәселелеріне жіті назар аударды.

Өңірде мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту мақсатында облыстың бейінді басқармасының ұсынысы бойынша тұрақты комиссия отырыстарында және облыстық мәслихат сессияларында аталған әріптестіктің жобалар тізбесін өзгерту мәселесі қаралды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті іске асыру шеңберінде 13 млрд. 964 млн. теңгеге 55 шартқа қол қойылды. Аталған жобалардың барлығына жеке қаржы жұмсалады және мемлекеттік міндеттемелерді қамтымайды.

2026 жылға дейінгі «Ауыл – Ел бесігі» арнайы жобасы да қаралды. 2022 жылға әлеуметтік-мәдени, денсаулық сақтау, спорттық және білім беруді дамыту және көлік инфрақұрылымына ұсынылған 47 жобаны ескере отырып, қаржыландыруға 20 тірек және 6 спутниктік ауылдық елді мекен енгізілді. Сондай-ақ, ауылдық жерлердегі халықтың дамуы үшін әлеуметтік маңызы бар нысандарға және жолдарды жөндеуге баса назар аударылды.

Тұрақты комиссия мемлекеттік сатып алуды ұйымдастыру саласында жүргізіліп жатқан жұмыстарды да қарайтынын естеріңізге саламыз. Мәселен, 2022 жылы облыс бойынша 1871 конкурс (аукцион) өткізу жоспарланған болатын. Осы орайда депутаттар ірі кәсіпорындардың сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесін арттыруға назар аударды.

Салық салынатын базаны кеңейту мәселесін қарау шеңберінде депутаттық корпус Мемлекеттік кірістер департаменті мен қаржы басқармасы басшыларының есептерін тыңдады. Депутаттар қала және аудан әкімдіктері салық салынатын базаны кеңейту және жергілікті кәсіпкерлерді қолдау жұмыстарына салғырт қарайтындықтарын атап өтті. Комиссия отырысынан кейін салықтық әкімшілендірудің тиімділігін арттыруға және облыс бюджетінің кірісін ұлғайтуға бағытталған іс-шараларды әзірлеу бойынша тиісті ұсынымдар берілді.

Жыл бойы отырыстарда түрлі салалардағы аудиторлық іс-шаралардың нәтижелері қаралды. Қарағанды облысы бойынша тексеру комиссиясы мүшелерінің баяндамалары, жергілікті атқарушы органдар басшыларының Бюджет және өзге де заңнамаларын бұзуды жою бойынша қабылданып жатқан шаралар мен іс-шаралар жоспарының есептері тыңдалды.

Тұрақты комиссияның отырыстарын өткізу қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдарға жіберілген заң бұзушылықтардың себептерін егжей-тегжейлі талдау және оларды одан әрі болдырмау үшін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының аудиторлық іс-шараларының нәтижелерін пайдалану қажеттілігі туралы ұсынымдар енгізілді.

Есепті кезеңде әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссияның 11 отырысында 24 мәселе қаралды. Олардың қорытындысы бойынша 38 ұсыныс қабылданып, 22-сі орындалды, ал, қалған 16-сы – мемлекеттік органдардың орындауында.

Әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссия облыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету мәселесін жоспарлы түрде қарады. Аталған қызметтерді көрсетудің жай-күйін зерделеу мақсатында облыстық мәслихат хатшысының өкімімен уақытша жұмыс комиссиясы мен жұмыс топтары құрылып, облыс аудандары мен қалаларын аралады. Ал, қорытындысы жұмыс комиссиясының, бейіндік комиссияның кеңейтілген отырыстарында және облыстық басқармалардың, қалалар мен аудандар әкімдіктері өкілдерінің, қалалық және аудандық мәслихаттар хатшылары қатысқан комиссияның бірлескен отырысында егжей-тегжейлі қаралды.

Депутаттар денсаулық сақтау жүйесіндегі арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетудегі кемшіліктерді және білім беру, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар жүйесінде проблемалық мәселелердің бар екенін анықтады.

Сессияда тиісті іс-шаралар жоспарын әзірлеу және материалдық-техникалық базаны нығайтуға, облыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін денсаулық сақтау нысандарында тамақтануды қамтамасыз етуге арналған шығыстарды қаржыландыру мәселелері бойынша таяу перспективаға нақты ұсыныстар енгізу туралы шешім қабылданды. Сонымен қатар, бастапқы сатыдағы балаларға арналған паллиативтік көмек орталықтарын ашу мәселелері бойынша балалар санаторийлерін қаржыландыру тәсілдерін қайта қарау, Қарағанды қаласындағы облыстық балалар санаторийі мен «Үміт» оңалту орталығының емдеу корпусына күрделі жөндеуді жалғастыруға және аумағын абаттандыруға қаражат бөлу мүмкіндігі қарастырылды. Теміртау және Балқаш қалаларындағы облыстық балалар санаторийі филиалдарының ғимараттарына күрделі жөндеу жүргізуге жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге қаражат бөлу мәселесі де қаралды.

Арнаулы білім беру ұйымдарының желісін кеңейту, арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін білім беру нысандарын тар бейінді мамандармен қамтамасыз ету жоспарын әзірлеу мәселесі көтерілді. Әлеуметтік қорғау басқармасы шеңберінде «Қарағанды облысының «Белсенді ұзақ өмір сүру» арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығына мобильділігі төмен қызмет алушылардың қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін сыртқы шахта көтергішін орнатуға және аумақты абаттандыруға қаражат бөлу мүмкіндігін қарастыру тапсырылды.

Тұрақты комиссия отырысында коронавируспен сырқаттану жағдайы туралы, облыстағы эпидемиологиялық жағдай және санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаменті қабылдайтын шаралар, салауатты өмір салтын қалыптастыру бөлігінде денсаулық сақтауды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын орындау бойынша өңірлік Қоғамдық денсаулық сақтау қызметінің қызметі, NEET жастарды жұмыспен қамту, Ел Президентінің жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету жөніндегі тапсырмалары шеңберінде қабылданып жатқан шаралар, халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және жұмыссыздар мен жұмыспен қамтылғандардың жекелеген санаттары үшін әлеуметтік кәсіптік бағдарлауды жүргізу шаралары қаралды. Одан бөлек, сапалы және тиімді білім беруді ұйымдастыру, мектептер мен колледждердегі патриоттық тәрбие, денсаулықты сақтау және нығайту үшін жағдай жасау да назардан тыс қалған жоқ.

Балалардың жазғы демалысының жай-күйі мен ұйымдастырылуы, облыстағы арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету, тарихи және мәдени мұраны сақтау, халықтың тарихи, ұлттық және мәдени дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын дамытуға жәрдемдесу бойынша өткізілетін іс-шаралардың сапасы мен тиімділігі де тұрақты комиссияның назарында.

Азаматтық қоғамның, ҮЕҰ-ның, оның ішінде білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау жүйесіне қатысуы, мемлекеттік және мемлекеттік емес сектор ұйымдарында қазақ тілін меңгеру деңгейін арттыру, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің үкіметтік емес секторлармен және қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылы, жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде ауылдағы қосымша білім беру мен бұқаралық спорттың жай-күйі мен дамуы да тұрақты комиссияның отырыстарында қаралды. Бұл – комиссия қараған жұмыстардың бір парасы ғана. Әлеуметтің әлеуетін арттырып, тиісті нәтижелерге қол жеткізудегі тұрақты комиссияның жұмысы өз нәтижесін беруде. Мәселен, қалалар мен ауылдық елді мекендердегі балалар аула клубтары мен спорт алаңдары жұмысы, құқық бұзушылықтардың, балалар мен жастар қылмыстарының алдын алуды ұйымдастырудан тыс қалған емес. Тіпті, діни экстремизмнің алдын алу үшін ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын, облыста волонтерлік қызметті дамыту және қолдау шараларын да қарастырады. Одан бөлек, 2023-2025 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бөлінісінде бюджет жобасын қарау туралы комиссия отырысы өтті.

NEET жастардың қатысуымен қоғамдық тыңдауда қарастырылған өзекті мәселенің бірі – NEET жастарды жұмысқа орналастыру және Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың жастар арасындағы жұмыссыздықты төмендету жөніндегі тапсырмалары шеңберінде қабылданатын шаралар.

Сапалы және тиімді білім беруді ұйымдастыру мәселелері, мектептер мен колледждерде патриоттық тәрбие беру, денсаулықты сақтау және нығайту үшін жағдайлар жасау, сондай-ақ балалардың жай-күйі мен жазғы демалысын ұйымдастыру депутаттардың тұрақты бақылауында. Істердің жай-күйін депутаттар арнайы зерттегенін айту керек. Ол үшін ауылдық аудандар мен қалаларға, сондай-ақ «Алау» және «Жас қанат» жазғы лагерьлеріне барып, осы мекемелердің басшыларымен және мұғалімдерімен, оқушылардың ата-аналарымен кездесті. Проблемалық мәселелер қарастырылып, бюджетті нақтылау кезінде шешілді.

Сондай-ақ, облыс тұрғындары көтерген өзге де мәселелер қаралды. Олар жан басына шаққандағы қаржыландыру шеңберінде ауылдағы қосымша білім беру мен бұқаралық спорттың жай-күйі мен дамуы, қала және ауылдық елді мекендердегі балалар аула клубтары мен спорт алаңдары жұмысының тиімділігі, облыстағы құқық бұзушылықтардың, балалар мен жастар қылмыстарының алдын алу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, волонтерлік қызметті дамыту және қолдау шаралары тәрізді мәселелер.

Тұрақты комиссия депутаттары мемлекеттік органдардың, мекемелер мен ұйымдарының қатысуымен халықтың тыныс-тіршілігінің өзекті әлеуметтік маңызды мәселелерін, аза-

берекеге бастайды

маттардың өтініштерін қарауға бастама көтеріп келеді. Одан бөлек, мәслихаттың жұмысы, тұрақты комиссияның қызметі, сондай-ақ, әр депутаттың қызмет барысы туралы хабардар ету үшін сайлаушылармен кездеседі. Комиссияның қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде жарияланды.

Өнеркәсіп, шағын және орта бизнесті дамыту, аграрлық және жер мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның есепті кезеңінде 2022 жылы атқарылған жұмыс туралы 7 отырыс өткізіліп, 15 мәселе қаралды. Қорытындысы бойынша 28 ұсыныс қабылданды, олардың 20-сы іс жүзінде орындалды, 8 ұсыныс – мемлекеттік органдарда.

Тұрақты комиссияның бейіндік отырыстарында облыстағы шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау және дамыту, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу саласында жұмыс істейтін кәсіпорындарды қолдау және тұрақтандыру қорының қызметі бойынша қабылданып жатқан шаралар, облыста «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасын іске асыру, арнайы экономикалық аймақты және инновацияларды дамыту бойынша өнеркәсіп және индустриялық-инновациялық даму басқармасының жүргізіп жатқан жұмысы, облыстың 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру туралы есебі, облыстың туризм инфрақұрылымын дамыту, жер ресурстарын ұтымды пайдалану, жеңіл өнеркәсіптің, құрылыс материалдары өндірісінің, машина жасаудың жай-күйі мен даму перспективалары қаралды.

Есепті кезеңде Қарағанды облыстық мәслихатының құрылыс, көлік, коммуналдық шаруашылық және экология жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағалығымен 9 отырыс өткізіліп, онда 25 мәселе қаралды. Қорытындысы бойынша 95 ұсыныс қабылданды, оның 67-сі іс жүзінде орындалды, мемлекеттік органдарда 28 ұсыныс орындауда.

Тұрақты комиссияның бейіндік отырыстарында келесі мәселелер қаралғанын айту керек:

– Қарағанды облысын дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған «Қолжетімді тұрғын үй және сапалы сенімді инфрақұрылым» бағдарламасының бірінші бағытын іске асыру бойынша қабылданып жатқан шаралар;

– Қарағанды облысын цифрландыру мәселелері бойынша Мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын үйлестіру;

– Құрылыс саласы кәсіпорындарының жай-күйі мен даму перспективалары туралы;

– Облыстың қалалары мен аудандарында көшелерді жарықтандыруды жаңғырту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар;

– Қарағанды облысында қоғамдық жолаушылар көлігінің жай-күйі мен даму перспективалары;

– Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Көлік комитетінің Қарағанды облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы басшысының есебі;

– Басқармаға жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы басшысының есебі;

– Қазақстан Республикасы Сауда және интеграция министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитетінің Қарағанды облысы бойынша департамент басшысының департаментке жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы есебі;

– Қарағанды облысында су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиоративтік жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар.

Есепті кезеңде депутаттық өкілеттік, әдеп, заңдылық және құқықтық тәртіп мәселелері жөніндегі тұрақты комиссия 9 отырыс өткізіп, онда 14 мәселе қаралды. Олардың қорытындысы бойынша 24 ұсыныс қабылданды, оның 10-ы іс жүзінде орындалды, мемлекеттік органдарда 14 ұсыныс орындауда.

Тұрақты комиссияның отырыстарында қаралған негізгі мәселелер:

– Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын іске асыру жөніндегі Қарағанды облысының кешенді іс-шаралар жоспарын орындау;

– Мемлекеттік органдардың 2020-2021 жылдары жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексеру іс-шараларын тағайындау тәжірибесі;

– Қарағанды облысында қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз ету;

– Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою;

– Бәсекелестікті қорғау және дамыту жөніндегі жұмыс;

– Қарағанды облысының мемлекеттік органдарының нормативтік-құқықтық актілердің жобаларын әзірлеу сапасына мониторинг жүргізу;

– Шомылу маусымы кезеңінде Қарағанды облысында жалпы су пайдалану ережелерін сақтау;

– Қарағанды облысының аумағында үй жануарларын ұстау және серуендету ережелері;

– облыс аумағында жануарларды аулау, уақытша ұстау және өлтіру ережелері;

– өңірде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу бойынша ювеналды әділет инспекторларының жұмысы;

– Тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі жұмыс.

Бейінді тұрақты комиссиялардың отырыстарында қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды және олардың орындалуына мониторинг жүргізіледі.

– «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаменті» РММ жұмысы;

– Қарағанды облысында қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру барысы;

– Қарағанды қаласының шет аймақтарын дамыту бойынша қабылданып жатқан шаралар;

– Қарағанды облысында су шаруашылығы құрылыстары мен гидромелиоративтік жүйелердің жұмыс істеуін қамтамасыз ету бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар;

– Қарағанды облысының 2021-2025 жылдарға арналған даму бағдарламасын іске асыру туралы есеп;

Биыл 2023-2025 жылдарға арналған үш жылдық бюджетті қарау қорытындысында депутаттық корпустың тұрақты бақылауында болатын тағы 68 мәселе көтерілді.

ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС – СЕНІМДІ СЕРІКТЕС

Депутаттық корпус облыстың қоғамдық кеңесімен тығыз қарым-қатынаста. Яғни, Қоғамдық кеңес мүшелері облыстық мәслихаттың барлық сессияларына міндетті түрде қатысады.

Облыстық мәслихаттың облыс тұрғындарымен өзара іс-қимылындағы басты басымдық – облыстық бюджет туралы шешімдерді талқылау және қабылдау кезінде Қоғамдық кеңес пікірін есепке алу, сондай-ақ, өңірде әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыру кезінде қоғамдық бақылау жүргізу. Облыстық мәслихат Қоғамдық кеңестің қызметін ұйымдастырумен де айналысатынын айту керек.

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ТӨРТТАҒАНЫ НЕМЕСЕ ФРАКЦИЯЛАР ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ

Биыл AMANAT партиясы фракциясының Қарағанды облыстық мәслихатындағы қызметінің негізгі мәселесі (фракция басшысы – депутат Қ.Оспанова) партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасының орындалу барысын бақылау болды.

Фракция депутаттары фракцияның 10 жиналысын өткізді, 102 ұсыныммен 25 қаулы қабылданды, оның 84-і орындалды (85%), қалған 18-і ұзақ мерзімді бақылауда.

«ҚХП» партиясы фракциясының депутаттары 2022 жылғы 1 желтоқсанда фракцияның 5 жиналысын өткізді, 21 ұсыныммен 9 қаулы қабылданды, оның 14-і орындалды (66,6%), қалған 7-сі ұзақ мерзімді бақылауда.

«Ауыл» партиясы фракциясының депутаттары 2022 жылғы 1 желтоқсанда фракцияның 4 жиналысын өткізді, 10 ұсынымен 4 қаулы қабылданды, оның 4-і орындалды (40%), қалған 6-сы ұзақ мерзімді бақылауда.

Жыл бойы «Ақ Жол» партиясы фракциясының депутаттары заңнаманы жетілдіруге, әкімшілік кедергілерді азайтуға және қолайлы бизнес ортаны құруға бағытталған кәсіпкерлерді қолдау және ШОБ дамыту жөніндегі мәселелерді қарауға бастама жасады.

Мәслихаттағы саяси партиялардың төрт фракциясы өңірдегі тұрақтылықтың төрттағанына айналған.

«КЕҢЕСІП ПІШКЕН ТОН КЕЛТЕ БОЛМАС»

Бұдан басқа, облыстық мәслихат депутаттарының «Сұрақтар-бастамалар пулын» іске асыру бойынша жұмыстары жалғасуда.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті органға 2020-2022, 2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджетті қалыптастыру кезінде депутаттардың, оның ішінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты, орта және техникалық және кәсіптік білім беруді, автомобиль жолдарын дамыту, ауылдық елді мекендерді ауыз сумен қамтамасыз ету, экологиялық қауіпсіздік және т.б. салалардағы бірқатар ұсыныс, бастамалары енгізілді.

Депутаттық корпустың бақылауында өңірді дамытудың неғұрлым өзекті мәселелері бойынша 65 бастама (мәселелерді) іске асыру жалғасуда. Осы жыл ішінде 2022-2024 жылдарға арналған бюджетте қаражат көзделген 33 бастама шешімін тапты, 9 бастама ұзақ мерзімді перспективада шешуді талап етеді (23 бастама бойынша түсініктемелер берілді).

БАҚ-ПЕН БАЙЛАНЫС – ТҰРАҚТЫ

Облыстық мәслихат депутаттарының қызметі жайлы тұрғындарға нақты ақпарат ұсынуды жақсарту мақсатында тиісті жұмыстар жүргізілуде. Жыл сайын облыстық газеттер, телеарналармен бірлесіп, медиа -жоспар әзірленеді.

Ай сайын облыстық мәслихат депутаттары облыстық телеарна бағдарламаларына қатысады. Олар тікелей эфирде өтетін ARQA LIVE, Уақыт. KZ. Сондай-ақ, «Главная студия», «Ойталқы», «Прошу слова», «ARQA news» телевизиялық жобалары да бар. Ал, 2022 жылы С.Өтешов, Қ.Оспанова, С.Әдекенов, К.Біржанов, К.Өтеубаев, Ж.Штергер, М.Әбілов, Е.Әбілдин, А.Әлімбаева, Ю.Бадина, Б.Досжанов, Г.Дүйсенбаев, М.Махатчина, О.Нұрқазов, А.Тукбаева, А.Тұрмұхамбетова, М.Шиллер және тағы басқалары проблемалармен қатар, олардың шешу жолдарын да көрсету арқылы қызметтері туралы ақпарат берген 40-тан аса ақпараттық және аналитикалық телехабарларға қатысты.

Облыстық мәслихаттың қызметі туралы ақпарат мерзімді баспасөзде, телеарналарда жарияланады. «Ortalyq Qazaqstan», «Индустриальная Караганда» газеттері өкілді органдар мен олардың комиссияларының қызметі туралы мақалалар мен жазбаларды тұрақты жариялап отырады.

Биыл өткізілген сессиялар, тұрақты комиссиялардың отырыстары; AMANAT партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі Жол картасын орындау; ауылдық өңірлерде сапалы сумен қамтуды қалпына келтіру; шағын және орта бизнесті қолдау; МЖС бағдарламасын іске асыру; балаларға паллиативтік көмек көрсету; экологиялық қауіпсіздік; халықты жұмысқа орналастыру және әлеуметтік қорғау; мектепке дейінгі тәрбиені, орта және жоғары білім беруді дамыту; ауылдық кітапханалардың жай-күйі мен дамуы; Өңірді дамыту бағдарламасын іске асыру; жер ресурстарын ұтымды пайдалану; азық-түлік бағасын тежеу; азаматтық қоғаммен жұмыс; AMANAT партиясының сайлауалды бағдарламасының Жол картасын іске асыру; NEET жастарды жұмыспен қамту; балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру; арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету; қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау; облыстық бюджетті бекіту, қоршаған орта жоспарына және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне өзгерістер енгізу; қосымша білім беру саласын кеңейту; аулаларды абаттандыру, облыс орталығындағы тұрғын үйлердің қасбеттері мен шатырларын жөндеу; өңірдегі бұқаралық спортты, автомобиль жолдарын, тұрғын үй құрылысын дамытудың жай-күйі мен перспективалары; партиялық жобаларды іске асыру; жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету; жастар саясатын іске асыру; цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар; емдеу-сауықтыру лагерьлерінің жұмысын жандандыру және тағы басқалары туралы 100-ден (102) астам материал өңірлік БАҚ-та жарияланды.

Депутаттар Facebook, Instagram-дағы жеке парақшаларында жоғарыда аталған мәселелер бойынша материалдарды әлеуметтік желілерде де жариялайды. Бұдан басқа, қызмет нәтижелері туралы ақпарат, сайлаушылармен кездесулердің қорытындылары, азаматтарды жеке қабылдау, сессия мәселелерін қарау шеңберінде жұмыс комиссияларының жұмыс нәтижелері жарияланады. Сондай-ақ, AMANAT партиясының сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде де материалдар жарияланады. Қарағанды облыстық мәслихатының депутаттары әлеуметтік желіні белсенді пайдаланады.

Одан бөлек, Facebook әлеуметтік желісінде «Облыстық мәслихат – Қарағанды облысы» аккаунты жұмыс істейді. Аккаунт депутаттарды біріктіру үшін құрылған. Парақшада депутаттық қызмет туралы материалдар салынады. Сондай-ақ, аталған әлеуметтік желіде Қарағанды облыстық мәслихатының ресми жұмыс парақшасы бар. Онда өткізілген кезектен тыс және кезекті сессиялар, тұрақты комиссиялардың отырыстары туралы баспасөз релиздері орналастырылады.

Өңірлік SARYARQA телеарнасында Қарағанды облыстық мәслихатының хатшысы С.Өтешов қатысқан 15 ақпараттық сюжет пен телебағдарлама көрсетілді. Мәслихат хатшысының Facebook әлеуметтік желісінде (Серік ӨТЕШОВ) парақшасы бар. Бұл жерде облыстық мәслихат депутаттарының облыс тұрғындарының өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау үшін мемлекеттік органдармен бірлескен жұмысы туралы авторлық посттар орналастырылады.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» және «Индустриальная Караганда» газеттерінде облыстық мәслихат хатшысының мәслихат қарайтын мәселелердің спектрі, тұрақты комиссиялардың жұмысы; уәкілетті мемлекеттік органдардың атына депутаттық сауалдар мен өтініштер, азаматтарды жеке қабылдаулар, депутаттық күндер; өңір бюджетінің атқарылуы; Қарағанды облысының даму жоспарын іске асыру және облыстық мәслихаттың басқа да мәселелері туралы мақалалары жарық көрді.

Өкілді биліктің қызметі туралы халықтың толық хабардар болуын қамтамасыз ету, депутаттық корпуспен интерактивті қарым-қатынас жасау мүмкіндігін іске асыру мақсатында мәслихат сайты жұмыс істейді. Ресми сайтта облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының қызметі, облыстық мәслихаттың кезектен тыс және кезекті сессияларында көтерілетін мәселелер туралы және т. б. мақалалар жарияланады.

ӘР ӨТІНІШ ЖАУАПСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Депутаттардың сайлаушылармен жұмысы онлайн режимде де жалғасты. Атап айтқанда, азаматтардың өтініштері қаралады, өз құзыреті аясында көтерілетін мәселелерді шешуге жәрдем көрсетіледі, ресми сұраныстар мен өтініштерді жіберу арқылы мемлекеттік органдармен жұмыс жүргізіледі.

Есепті кезеңде деректерге сәйкес 422 өтініш қаралып, 314 сұраныс пен жіберілген. Олардың дені оң шешімін тапты. Одан бөлек, сайлаушылармен 474 кездесу өткізіліп, жеке қабылдаулар жүргізілді. Оның ішінде 494 азамат онлайн қабылданды. 10 депутат күні өткізілді.

Сайлаушылар көтерген негізгі мәселелер автомобиль жолдарын жөндеу, экологияны жақсарту, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар тасымалы және көлік қызметтерінің сапасын арттыру, білім беру, жұмысқа орналастыру, әлеуметтік қорғау, медициналық көмек, коммуналдық мәселелер блогына қатысты болды.

Сайлаушылармен қарым-қатынас практикасы азаматтарды және облыстық мәслихат хатшысын, оның ішінде AMANAT партиясының қоғамдық қабылдау бөлмесінде жеке қабылдауды да қамтиды. Биыл мемлекеттік органдар өкілдерінің қатысуымен 6 жеке қабылдауда 14 өтініш білдірген азаматтың проблемалары зерделенді, 7 азаматқа көмек көрсетілді, 5 мәселе бақылауда, 2 мәселе бойынша тиісті түсініктемелер берілді.

АППАРАТТА ДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС БАР

Облыстық мәслихат аппараты депутаттық корпустың қызметіне ақпараттық-талдамалық, құқықтық және ұйымдастырушылық жұмыстар бойынша қамтамасыз ететін 8 мемлекеттік қызметшіден тұрады *(оның ішінде 1 бос орын, 1-і декреттік демалыста).*

*2022 жылдан «Қазақ*стан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға енгізілген өзгерістерді ескере отырып, мәслихаттардың мәртебесі мен өкілеттігін арттыру бөлігінде тұрақты негізде жұмыс істейтін тұрақты комиссиялардың 2 төрағасы лауазымдары енгізілді.

Жыл бойы мәслихат аппараты тұрақты комиссиялар мен сессиялардың отырыстарын өткізудің 125 мәселесі бойынша ақпараттық материалдар мен талдамалық анықтамалар дайындады. Келіп түскен 1129 хат қаралып, түрлі мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдарға 716 сауал мен жауап дайындалып, жолданды. Сондай-ақ, облыстық мәслихат сессияларында қабылдауға ұсынылатын 22 нормативтік-құқықтық актілер жобасы бойынша қорытындылардың жобалары қаралып, дайындалды.

Өткен жылы облыстық мәслихат аппаратына заңды және жеке тұлғалардан 83 өтініш келіп түсті, оның ішінде азаматтардың 12 өтініші қанағаттандырылды, 8 сұрау салу бойынша түсініктемелер берілді және 63 өтініш ведомство бойынша тиісті мемлекеттік органдарға жіберілді.

Жалпы, облыстық мәслихат аппараты депутаттарды сессиялар мен тұрақты комиссиялардың отырыстарына қажетті материалдармен уақытында қамтамасыз етудің тиісті шараларды қабылдады. Бұл ретте ақпараттық технологиялар мен интернеттің мүмкіндіктері белсенді пайдаланылады.

Өңірдің тыныс-тіршілігін мәслихаттың сапалы нормативтік-құқықтық актілерімен қамтамасыз ету, олардың уақытылы және толық қолданылуын бақылау облыстық мәслихаттың басты міндеттерінің бірі.

Депутаттық корпус өз қызметін тұрғындардың мүдделерін ескере отырып және облыс тұрғындарымен тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырады.

Жоспарымызда облыс жұрттшылығымен және үкіметтік емес секторымен диалог және өзара іс-қимыл тәжірибесін жалғастыру бар. Жалпы, халықпен, сайлаушылармен тығыз байланыс орнату депутат жұмысының көрсеткіші. Қоғамдық дамудың, азаматтық қоғам жетілуінің және халық арасындағы оң бастаманың көрінісі.

Бұдан басқа, Қарағанды облыстық мәслихаты азаматтар үшін ақпарат алмасудың заманауи және ыңғайлы нысандарын пайдалана отырып, облыстық өкілді органның қызметін ақпараттық тұрғыда жария етуді одан әрі кеңейтуді жоспарлап отыр.

Қызмет нәтижелері бүгінгі күні мәслихаттың саяси және әлеуметтік шешімдерді қабылдауға не өзгертуге нақты әсер ете алатын қоғамдық өмірдің пәрменді құрамдас бөлігіне айналғанын растайды. Атқарушы билік органдарының кез келген шешімі, өңірді дамыту бағдарламалары тиісті мәслихат комиссияларында егжей-тегжейлі пысықталып, талқыланатынын айту керек. Аталған жергілікті өзін-өзі басқару азаматтардың әлеуметтік белсенділігі арқылы жергілікті жердегі маңызы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Нәтижесінде, олардың белсенділігі ынталандырылып, шешімдерге нақты қатысуын қамтамасыз етеді.

Облыстық өкілді орган қызметін одан әрі жақсартып және жетілдіре береді. Атқарушы органдармен, қалалық және аудандық мәслихаттармен, қоғамдық ұйымдармен, саяси партиялармен өзара іс-қимылды нығайтып, облыс халқының игілігі үшін жемісті еңбек етеді.

Облыстық мәслихат депутаттары халық алдындағы борыштары мен міндеттерін түсінетініне, сайлаушылары алдындағы жауапкершілікті толық сезінетіндіктеріне сенімдімін.

● АҚТАҢДАҚ

Арқаның көз жіберсем алабына,
Сарыарқа – сары дария, қиыры жоқ
Кез болсын қандай қыран талады да...
Мағжан ЖҰМАБАЕВ

Татан батыр кім?

Көк түркілер тарихын тасқа жазды. Бабалардың салтанаты ұрпаққа «күңгір-күңгір күмбездер» мен аңыз-әңгімелер арқылы жетті. Асылында, қазақ даласындағы мазарлар мен шежірелер шерткен шындықтың шері тарқаса ғана, жадымызды жетпіс жыл меңдеген мәңгүрттіктің дерті тарқамақ. Өйткені, біздің бұрнағы тарих көрші империяның ығымен жазылғаны белгілі. Алайда, анық тарих Алаштың киелі даласында жатыр. Сарыарқаның жауһар сұлулығына шашылған сырлардың сынығын біз де зерделеп байқайық.

Арқаның кең қойнауының көкмоншақ шоқтығы Қарқаралы – «көккөздерден» көпсырын өңіріне бұққан шоқ күмбездер мекені. Көне дәуір мен XVII-XVIII ғасырлардағы күмбездер құпиясын өткен ғасырда Әлкей Марғұлан бастаған ғалымдар зерттегенін білеміз. Олардың сырына Ақселеу Сейдімбеков те үңілді. Десек те, әлі де құпиямен қымталған тарихи ескерткіштер жетерлік. Соның бірі – Татан күмбезі. Саман қабырғасының жарымынан көбі құлаған шошақ бейітте мәңгілік дамылдаған кім? Батыр ма? Басқа ма? Сұрақ – көп, жауап – аз. Дегенмен, тарих қойнауына үңіліп, өткен күннің елесінен бір белгі іздеп көрелік.

Ел мен ер не дейді?

Сарыарқаның сағым тербеген сары даласы. Қабағы қатулы қалың қосын. Қара нары ыңыранған қалың көш. Денесінде – көбесі, желкесінде – жебесі түмен әскер томсарды. Батырынан айырылған қалың қол күн шығысқа жөңкілер алдында қыр басына соңғы рет қарады. Жотадағы батырдың жер бесігі болған саман күмбез состиып тұр. Елдің аманаты мен ердің қазасы жүректерге қаһар байлаған. Қалың топ атқа қонып, қалмақтың соңынан жөнелді...

Сірә, Сарыарқаның сары белдері мен саумал көлдерін ойраттан азат еткен көріністің бірі осылай болған шығар-ау! Сонау алмағайып замандарда ата-баба қорымын жоғалтып, сеңдей соғылған қалың қазақтың басына отанынан айырылу қайғысы түскен еді. Бабалар бірліктің арқасында дұшпанның белін сындырса да, атаконысқа қайта келген ұрпақ белдің атын ұмытты. Кеңес кезінің кер саясаты Алаштың баласына қызылдың қас жауы санап, көне тарих пен айбынды ата-бабаның құлпытасын іздетпеді. Азаттық алған соң да етек-жеңін қымтап, есін жиғанша қазақтың оны ойлауға мұршасы болмады. Сол себепті, ұшса қыранның қанаты талатын сайын далада қарайған мазарлардың кімдікі екені тек кейіннен ғана анықталып жатыр. Қарқаралы өңірінде де біршама күмбездердің басына белгі қойылып, Қазақстанның мәдени ескерткіштерінің қатарын толықтырып жатқанын білеміз. Мәселен, Матақ, Бердіқожа, Жапалақ, Тәттімбет, Құсбек, Тубек, Арыстанбек, Аппаз сынды тұлғалардың күмбездері қайта жаңғырғанын айтуға болады. Бұл тізім толыға бермек. Олай деуге орынды негіз бар.

Біздің жұрттың көзіқарақтысы Темірші селолық округінің орталығында Татан батырдың күмбезі барын біледі. Көне сәулет құрылысы жермен жексен болудың аз-ақ алдында тұр. Татанды бұл төңіректегі керей мен төленгіт рулары «біздің бабамыз» деп есептейді. Дәлелдері – шежірелерінің тармағында Татан есімінің болуы.

Алайда, «Бұл адамды біздікі десе де, ол кісі Абылай заманында батыр болған, бабамыздың осындай ерлігі, аңызы бар» деп айтқан керей мен төленгіт рулары ұрпақтарының сөзін естімедік. Анығында бұл жер «қаракесектің қамбар руына тиесілі» дейді ел тізгінін ұстаған Қайрат Мұхтаров пен ауыл ақсақалы Ағыбай Ильяшев. Таяуда аруақты батырдың киесін тірілтіп, көне қорымның мүмкін иесін жініктірген маңызды оқиға болды.

Осыдан екі апта бұрын «Татан батыр – біздің бабамыз» деп екі жеңіл көлікпен мың шақырымнан артық жолды еңсеріп, Қарқаралыға бір топ адам сау ете қалды. Келе маған хабарласты. Ертесіне мен келген қонақтарды бастап, таңғы алтыда «Татан, қайдасың?» деп тарттық. Бізді Темірші ауылдық округінің әкімі Жасұлан Жақыпбай бастаған Серік Ильяшов, Жеңіс Ақшонтаевтай ауыл азаматтары қарсы алды. Татан батырдың күмбезі бой көтерген қыр басында да, қызыл кірпішті жаңа мешіт төрінде де, көк төбелі үйдің кең бөлмесіндегі құт құйылған дастархан басында да өткеннен көп әңгіме шертіліп, баба аруағына Құран бағышталды. Қостанайдың Болат Нұғманов, Мәди Абилов, Амангелді Торғаев, Тасқын Ашимов, Мереке Жанабаев сынды татан руының азаматтары қостаған қосынды бастап келген Аманболған Тұрмағанбетов те келген мақсатын түсіндіріп, өз сөзін айтты.

– Біз Арғынның ішінде Әйдеркеден тараймыз. Әйдерке мен Шақшақ бірге туысады. Әйдеркенің Өтеміс, Ожан, Қадірімбет, Бөдене, Жылқыайдар, Татан атты алты ұлы болған. Бұл аталардың жартысы Торғайды, қалғаны Қостанайдағы Сұлукөл ауылы маңын мекендейді. Абылай заманында батыр болған Татан бабамыз Әйдеркенің кенже ұлы. Мен бабамыздың сегізінші буыны болып есептелемін. Аталарымыздан бізге «Татан бабамыз өмірден жастай кетті» деген сөз жетті. Бұған дәлел – Татаннан Қосай мен Өтеген деген екі бала ғана қалғандығы. Татан атамыздың бір ұрпағы Мереке Жаңабаевтың әжесі Нұрила жеңгеміздің «Татан бабамыздың кесенесі Семей өңірі жақта өзеннің жағасында тұр. Ол кісі ел қорғаған батыр болған. Оны үлкендер айтып отыратын» деген сөзі бар. Ал, Қарқаралы өңірінің бір кездерде Семейге қарағанын біз кезінде білмедік. Сондықтан, біз кейінгі Абай облысының аумағынан ғана сұрас қылдық. Бірақ, таппадық.

Темірші өңіріндегі жұрттың бір парасы Татан батырды керейге жатқызады екен. Өзім архивте жұмыс істеген адам болған соң, Аман Торғаев деген ініммен бірлесе керейлердің шежіресін зерттедік. Сіздермен көршілес керейдің абақ руы тұрады екен. Олардың ішінде Татан атты бес адам ғұмыр кешіпті. Бесеуі бес тармақтан. Олардың әрқайсы әр уақытта өмір сүрген екен. Біріншісі керейге жетінші буын болса, соңғысы он екінші ұрпақ екен. Он екінші ұрпақ болып табылатын Татаннан үш ұл туады екен. Үлкені – Алтангырен, екіншісі – Агыпеш, үшіншісі – Алеша. Бұлардың есімдеріне қарасақ Арқаның керейлері емес. Татан атты керей аталарының жасын Керейден қуалай есептесек ешқайсының жасы 18 ғасырға дәл келмейді. Ал, одан бұрын қазақ саман кірпіштен бейіт көтермегенін білеміз. Керек десеңіз, Шыңғысхан заманында адамдар тереңдетіп көр де қазбаған. Тек, жердің бет топырағын ысырып, қайтыс болған кісіні қара тастармен бастырған.

Семей төңірегінің біраз жерінен Татан атауын іздеп, табылмаған соң күдерімізді үзгенбіз. Алланың құдіреті ғой! Бәлкім, бабамның аруағы шығар... Осыдан бір ай бұрын әлеуметтік желіде Қарқаралы ауданы Татан ауылындағы бәйгеде аты мертіккен бала сәйгүлігінің жүгенін сыпыра ұмтылып, мәреге екінші болып келгендігін көрдік. Бұл оқиғаға мен елең ете қалдым. Артынша Татан ауылында алтын күмбезді жаңа мешіт ашылғанын ақпарат құралдары арқылы көріп-оқып, Қостанайдағы татандар «өшкеніміз қайта жанып, өлгеніміз қайта тірілгендей» дүрліге көтерілдік. Содан, Астанадағы балаларыма «Татан ауылындағы әкімшіліктің телефонын тауып беріңдер деп» айттым. Телефон нөмірі қолға тиген соң ауыл әкімі Жасұлан Жақыпбайұлына «Татан ауылының тарихы туралы айтсаңыз» деп өтіндім. «Татанға кім боласыз?» деп ол кісі қарсы сұрақ қойды. «Менің руым – татан» деп жөнімді айттым. «Біздің ауылда Татан батырдың мазары бар» деді Жәкең. Біз шөл далада суды көрген жолаушыдай опырыла көтеріліп, жеткен бетіміз осы. Татан ауылына жасаған сапарымыздың оң болуына көмектескен Мереке Жанабаев інімнің досы, Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты Ғали Өмірбековке алғысымыз зор. Біздің мақсатымыз – жергілікті халықпен сұхбат құрып, күмбездің кімге тиесілі екендігін анықтау. Ал, дау туса, аруақты мазалауға тура келеді. Өйткені, сүйек анализі барлығына нүкте қоймақ, – деп Аманболған Фазылжанұлы біраз дүниенің сырын ашты.

Аманболған ағамыз мәлім еткен әйдерке мен шақшақ рулары бір бұтақтан тарайды. Әйдеркенің Үркімбай биі, Шақшақтың Жәнібек батырларының есімі елге мәлім. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсыновтың да шақшақтан тарайтынын жақсы білеміз. Жоғары шектіге жататын бұл рулар Арғынның Айнамкөз тоқалынан тарайды. Жоғары шекті мен төменгі шекті ел шекарасының солтүстік шегінде жатыр. Мұхамеджан Тынышбаев, Сәрсен Аманжолов сынды ғалымдардың зерттеулері «шекті руларының құрамына найман мен қаракесек рулары сіңген» деп топшылайды. Бұл да татан руының тамырына бойлар құнды дерек деп ойлаймын.

Жер мен жөн не дейді?

Татан сөзінің түбірі – көне түркілерге тән екенін Лев Гумилев сынды беделді тарихшылар растайды. Біз әңгімемізді бағзы дәуірлерге өрістетіп, алысқа қияндамай осы тұжырымға тоқталық. Көшпенділер жер атауын адам нысбысына беріп, кісі есімін жерге теліген. Мұны Алтай мен Атырау арасындағы ұлан-ғайыр даладағы топонимдер айтады. Осы арқылы елдер мен рулардың көші-қон шекарасы, ірі керуен жолдарының бағыт-бағдары анықталған. Сарыарқаның сауырында қазақпен қоса жоңғардың да жер атаулары жиі кездеседі. Өйткені, оның адырлары ғасырға жуық уақыт қалың қалмақтың да құт мекені болды. Абылайды хан сайлаған дәуірден бастап, басы қайта біріккен қалың қазақ Арқаны жоңғардан азат етіп, орта жүздің ормандай баласы туған жермен тамырын қайта жалғағанын білеміз. Сөйтіп, атажұртына қайырыла оралған қалың арғын да көп белдің атауын жаңғыртқанымен, қайсыбірі қалмақтың айтуында қалды. Қалмақтың Сарыарқаны жоқтап, жылаған зарын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы жазып кеткен. Осы тарихи оқиғалар туралы Арқадағы шежіреге жетік белгілі журналист Ержан Имаш өз пікірін білдірді.

– 1652 жылы Тәукенің әкесі салқам Жәңгір ойраттың батыры, хошоуыт тайпасының көсемі Очирицу Цецену ханның ұлы 19 жасар Галдаман Нойонның қолынан қаза табады. Осыдан кейін қазақ Арқадан айырылады. Тек, 1741 жылы Баянауыл маңындағы «Қалмаққырған» аталған соңғы шайқаста қазақтар ойраттарды ойсырата жеңеді. Содан соң екі жақ келісімге келеді. Қазақ Сабындыкөлдің басында жеңісін тойлап, ас береді. Он екі мың жылқы біткен қанжығалының ағайынды Абыз бен Шомақ деген байлары асқа 90 ту бие сойған екен. Ал, қалмақ Сарыарқадан айрылып, зар жылайды. Бұл туралы Мәшһүр Жүсіп былай деп жазған:

...Үш атамыз өткен тау,
Үш мың қара біткен тау,
Әкем күйеу болған тау,
Шешем келін болған тау…

Ерейментау, Дегелең деген атаулар, тіпті бұрынғы Баян-ола деген топонимдер сол ойраттардан қалған. Ірі шайқастарда қаза болған қазақ батырларының сүйегі Арқаның әр тарабында жатыр. Мәселен, уақтан шыққан Баян батыр Шет ауданының жерінде жерленген. Сол сияқты талай баһадүр қазақ-жоңғар соғысында ұлан-ғайыр даланың әр түкпірінде қаза тапқанын білеміз. Бұл жайында Доспамбет жыраудың айтатыны бар ғой:

...Екі арыстап жау шапса,
Оқ қылқандай шаншылса,
Қан жусандай егілсе,
Аққан судай төгілсе, Бетегелі
Сарыарқаның бойында

Соғысып өлген өкінбес!– деген сөздермен Ержан Мәзұлы ойын түйіндеді.

Әңгімені әріден қозғағанымыздың да жөні бар. Себебі, қаздауысты Қазыбек би бастаған қаракесек рулары Сырдың бойынан Қарқаралы, Баянауыл, Кент, Боқты, Балқантау, Қызыларай, Аспантау, Едірей, Темірші тауларының баурайындағы өлкелі жерлерге қоныстанғанда, бұл мекенді бұдан бұрын жайлаған қанжығалы бастаған қалың көш Арқаның солтүстігіне, керей мен уақ шығысқа ығысты. Мұны Боқты тауының етегіндегі «Абыз» секілді сол рулардан қалған көптеген елді мекен топонимдері растайды. Сөзімізге әңгіме ортасында қайта оралармыз. Енді, Теміршінің бауырына ойысайық.

Темірші селолық округінің іргесіндегі Қусақ өзенінің шығысындағы қыратта саман кірпіштен қаланған күмбезді мазар тұр. Мұндағы ел жартысынан көбі жермен жексен болған кесенені «Татан батыр бейіті» деп айтады. Күмбезді кесененің иесі кім болса да, беделді адам болған. Өйткені, еңсесі – биік. Тарихи ескерткіштің сәулеті мен кескін-келбеті бұдан біраз жыл бұрын Дағандылы өзенінің бойындағы қыратта анықталған шанышқылы Бердіқожа батырдың кесенесіне ұқсайды және оның жасы да осы шамалас болуы керек. Себебі, балшықтан құйылған кірпіштің кесегі соған меңзейді. Оны алдағы уақытта зират кірпіші жасының анализін жасайтын ғалымдар анықтай жатар.

Бердіқожаның Абылай хан заманындағы қазақ қолының ірі қолбасшыларының бірі болғанын білеміз. Мұны тағы Мәшһүр Жүсіптің жазбалары растайды. Жалпы, Қарқаралының осы өңірлеріндегі қазақтың қалың қосынын шор руынан шыққан Қожан, Тоғалақ, Матақ және қырғыз руының Мәнжі сынды батырлары басқарған. Осылардың ішіндегі Абылай түменінің тізгінін ұстағаны – Қожан батыр. Рас болса, Қожан – Шідертіде, Тоғалақ – Ұлытауда дамылдаған дейді. Бұған қарап, арғынның әйдерке тармағынан шыққан Татан Қусақтың бойында жатса, таңқалуға болмас.

Жалпы, Арқа жеріндегі күмбездер туралы ой толғаған тарих ғылымдарының кандидаты, ҚарУ доценті Мәулен Жакин біраз ой қосты.

– Жалпы, XVIII ғасырда қайтыс болған адамдардың мазарлары Арқада көп сақталмаған. Еңсесі биік саман кірпіштен қаланған бейіттердің көбі XIX ғасырдың 30 жылдарынан кейін тұрғызылғанын білеміз. Негізі елге танымал, беделді адамдардың бейіті көш, керуен жолдарының бойында орналасқан. Қазақ өз қонысының шекарасын анықтау мақсатында қыстаудың басында атасы, ортасында ұлы, жайлау шетінде әкесі жерленген. Мұны XIX ғасырдағы патша үкіметінің карталары растап отыр. Азамат жаугершілік заманда жер жастанса да, кездейсоқ жерге қойылмаған. Батырлар, билер мен байлар шығыстан батысқа өтетін керуен жолдарының бойындағы өзен жағасындағы қыраттарға жерленген. Олардың ең мықтыларын мүмкіндігінше Түркістандағы мемориалға жеткізуге тырысқан. Тек, 1822 жылы «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» шыққаннан кейін бұған тыйым салынған. Сондықтан, қазақтың жері әкімшілік бөлініске бөлінгеннен кейін, қайтыс болған ру басыларына әр жерлерден күмбездер тұрғызған. Бұл – биліктің символы болды. Қазақ батырларының көбі әлі толық зерттелген жоқ. Біз білетін әйгілі батырлардың есімдері Шоқан Уәлиханов сынды ғалымдардың еңбектері арқылы жетті. Алайда, ерлігі мен салтанаты олардан бірде-бір кем емес талай батыр атаусыз қалған, – дейді ғалым Мәулен Жакин.

Абылай заманындағы қазаққа қатысты тарихи құжаттар Петербор мен Омбының архивінде жетерлік. Олардың біразы Зарқын Тайшыбай, Болатбек Нәсенов сынды белгілі ғалымдардың еңбектерінде құнды дерек ретінде пайдаланды. Қытай мен Орта Азия елдерінің XVIII ғасырлардағы тарихи жазбаларының да тамырын басқан дұрыс. Дегенмен, архивпен жұмыс істеу «майдан қыл суырғанмен» пара-пар іс. Сондықтан, болашақтың еншісінде атқарылар жұмыс көп. Өйткені, ұлттың ұлы тарихы тұлғалардың өмірінен жеткен естеліктер мен оқиғалардың дәлдігіне сүйенеді.

«Арғынның Әйдеркесінен тараған Татан батыр Қарқаралының Татан ауылында жатыр» деп кесіп айтпасақ та, бұлай топшылауға толық негіз бар. Өйткені, соңында «Шығысқа аттанған жолда шейіт болған. Өзен жағасына жерленіп, басына мазар салынған. Жас қайтқан. Қол бастаған ер» деген аңыз бар. Әйгілі батыр Бөгенбайдың жоңғарды Тарбағатай тауын асыра қуғанын ескерсек, Татанның ұрпақтары Қостанайға тамыр жайғанына да таң қалуға болмас. Өйткені, ел басына күн туған алмағайып заманда қай қиянда жатса да, қарға тамырлы қазақ жұдырықтай жұмылды.

«Арғыннан ары барсаң адасасың, Ми жетпес көп дүниеге шатасасың. Ол кезде сен де жоқсың мен де жоқпын, Несіне шежіреге таласасың?!» деген Мәшһүр әулиенің сөзі бар. Біздің бергі тарихтың да ақтаңдақ тұсы жетерлік. Ендеше, археология ғылымы мен дәйекті деректер сөйлесін. Менің ойым осындай. Сіз не дейсіз, оқырман?!

Құрманғазы ӨТЕБАЙ

● АТБЕГІ

Тұлпар танытқан ер

Қазақтың жаны атпен, саятшылықпен жадыраған. Бұл әлімсақтан келе жатқан үрдіс. Ат үстінде туып, ат үстінде өскен көшпелі қауым ұрпағы үшін Кеңес үкіметінің шынжыр бұғауы да кедергі бола алмады. Аштықтан, қуғын-сүргіннен аман қалған аталар там-тұмдап ат баптау мен саятшылық өнерін ұрпағына жеткізе білді.

Атасы – Төлеген, әкесі – Боранбай жаны атқа жақын жандар еді. Ат бүгінгі біздің кейіпкер Игілік Кәрмановтың да өмірлік серігі. Жасынан ат жүгіртіп, оны баптап, аңшылық пен саятшылықты өмірінің өзегі етті. Спортты, оның ішінде күресті де қатар алып жүрді. Оған әншілігін қосыңыз. Қазақтың сегіз қырлы, бір сырлы деген ләміне лайық сырбаз жігіт біраз нәрсені Ботақара өңіріне, маңайдағы аудандарға танытып-ақ бағып еді. Оның есімін аты мен әні бірге алып жүрді.

Туған ауылы Жастілектің де ат баптаушы серілері оның осы жолға түсуіне сеп болды.

Әуелі ауыл арасында өткен шағын бәйгелерде баптаған аты алдына қара салмады. Алғашқы сәйгүлігі «Сокол» 90-жылдардың ортасынан ауа төңірекке аты шыға бастады. Ұзамай «Құбас» деген аты Қарқаралыдағы бәйгеде алғашқы машинаны мінгізді. «Құбаспен» қоса «Көк аты» да құйрық тістесіп жүрді. Ұзамай қолына «Айгөлекті» түсіріп еді. Бәленбай бас малға айырбастаған «Айгөлегі» жерге қаратпады. Мотоцикл, жылқы, бұқа сияқты сый-сияпат сері көңілді көкке шығарды. Атқұмар көңіл желікті. Әуен оған жігер берді, от берді. Алған бәйгесін біреуге байлады. Қала берді туысқа берді. Өзіне де жетті. Өзі қандай болса, дос-жаран, туған-туыс сондай қарым-қатынаста болды. Бұл да болса қазақи жомарттық белгінің, серілік жоралғының жұқанасы. Арасында қолына домбыра алып, дүбірлі дода, ән бәйгелеріне де қатысып, аудан атын шарықтатып жүрді.

Жағдай сәл түзеліп, енді «уф» дегенде қуанышы су сепкендей басылды. Ардақтап жүрген қос тұлпары қандықол ұрлардың қолынан мерт болды. Мойымады. «Алла берерін тауыспасын» деген қағиданы бек ұстанды. Ойда-жоқта, 2002 жылы Қостанайдағы «Қазақ тұлпары» ат зауыты тарапынан ұсыныс түсті. Қолды бір сілтеп, жолға дайындалды. Жиған-тергенін бір машинаға артып, жары Сандуғашты, қос құлыны Сырым мен Сәкенді алып көш түзеді.

Игілік айтады:

– 2003 жылы «Гүлсара» атты байталым зауыт ашылу салтанатында бірінші көмбені кесіп, көлік мінгізді. Одан көп ұзамай Ақтөбеде өткен аламанда «Гүлсара» тағы олжа салды. Астананың жаңа ипподромы ашылғанда балам Сәкен «Гипотеза» атты байталымен бас бәйгені алды. Бұл – 2009 жыл болатын. Осы жылы Ақтауда «Жазира» атты байтал 3-ші орын иеленді. Бұл Ә.Кекілбаевтың 70 жылдық мерейтойы еді. Мұнда да Сәкенім 100 аттан үшінші келгеніне көңілім аспанға атты.

Биыл Петропавл қаласында өткен республикалық ауыл шаруашылығы семинарында мадақтама берді. Қарашаға таман Астанаға шақырады дегенге мән бермей барып ем, сөйтсем Президент қолынан «Ерен еңбегі үшін» медалін алдым. Еңбегім еленгеніне қуандым, – дейді.

Игілік жиырма жылдың мұғдарында Қазақстанның түпкір-түпкірінде болып, ұлттық спорт – ат өнерін таныстырып, өзі де танысып жүр. Десек те, мойнына алған міндетін азамат ретінде көтеруді ата-бабадан қалған құдіретті мирас санайды. «Қазақ тұлпары» атты ат зауыты қазанат сынды ұлттық белгісі бар тұлпарларды бағады, қағады. Осы зауытта 20 жылдың мұғдарында бапкер қызметін атқарып жүрген Игілік сері екі немереге ата, жары – әже атанды. Бәріне шүкіршілік етуден жалыққан емес.

Біз Бұқар жырау ауданында санаулы өнер қуған, ұлт өнерін ту қылған жігіт-желең едік. Сол өнерпаздың біразы тағдыр салмағымен жан-жаққа ұшып кетті. Мені осы қынжылтады. Солардың бірегейі – Игілік еді. «Туған жерге туың тік» деген қағидаға сай осындай өрелі, бекзада жандар өз туған жерінің абыройын асқақтатса дейсің.

Қ.ШЫНЫБЕКТЕГІ,
бұқартанушы, журналист

● ЖАРЫС

Ұрпағы ұлықтаған тұлға турнирі

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шағын футболдан 2009-2010 жылы туған жасөспірімдер арасында Балапан Әбеновты еске алуға арналған облыстық ашық турнир мәреге жетті. Турнир қорытындысы бойынша көкшетаулық «Оқжетпес» командасы чемпион атанды. Шараның ашылу салтанатына облыстық денешынықтыру және спорт басқармасының басшысы Темірхан Абылаев пен марқұмның жары Бота Әбенова, туыстары, жолдастары қатысты.

Балапан Зипатоллаұлы саналы ғұмырын құқық қорғау саласына арнады. Қарапайым тергеушіден Теміртау қаласы прокурорының орынбасары қызметіне дейін көтерілді. Сондай-ақ, әр жылдарда облыстық прокуратурада, облыстық Әділет департаменті бастығының орынбасары, кейінірек, облыс бойынша соттар әкімшісі болып қызмет істеді. Тіпті, облыс әкімінің кеңесшісі лауазымына да тағайындалған. Абыройлы азаматтың соңында қалған ұрпағы, дос-жараны оны еске алу мақсатында 2018 жылдан бастап шағын футболдан облыстық ашық турнир өткізіп келеді.

– Балапан ағамыздың соңында қалдырған еңбегі зор. Елге аянбай қызмет етті. Сол еңбегінің бір дәлелі – турнир. Ағамыз ортамызда болмаса да игі амалдары осы өмірде жалғасып жатыр. Сондай ағаларды еске алу соңында қалған ұрпағы, дос-жарандарына аманат. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ осындай ағаларымыздың еңбегіне қарап бой түзеп, елге адал қызмет ететін азамат болып өсуге мақсат қою керек. Сол мақсатқа жету үшін еңбектеніп, спортпен шұғылдану қажет, – Темірхан Абылаев.

Қоғам және мемлекет қайраткері Қайдар Бурабаев та бір ауыз тілегін жеткізді.

– «Өмір – өзен» дейді үлкендеріміз. Өзен секілді өміріміз жылжып өтуде. Халқымыздың қадірлі азаматтарының бірі Балапанның дүниеден өткеніне де алты жыл болыпты. «Орнында бар оңалар» дейді. Артында қалған ұрпағы, жолдастары «Әрқашан есімізде жүрсін» деп осы турнирді ұйымдастырды. Бәлкім осы турнир сендерге үлкен спортқа жол ашар. Әлемдік ареналарға шығарсыңдар. Сол уақытта «Біз осы турнирде өнер көрсетіп едік» деп айтып жүруге жеткізсін, – деді ол.

Былтыр додаға 16 команда қатысқан. Турнир қорытындысы бойынша Саран қаласының командасы – I орын, абайлық «Жігер» – II орын, қарағандылық «Жастар» – III орынды иеленген. Ал, биылғы додаға 13 команда қатысып, көкшетаулық «Оқжетпес» командасы чемпион атанды. II орынды – қарағандылық «Жастар», III орынды – «Теміртау» командасы қанжығалады.

– Бұл жарысқа биыл бірінші мәрте қатысуымыз. Қарсыластардың осалы жоқ. Былтырғы турнирдің чемпиондары сарандық командамен бір группаға түстік. Сонымен қатар, Теміртау қаласының командасы да осал болмады. Мұның бәрі жігіттердің еңбегі. Бізде нақты бір тактика болған жоқ. Тек шәкірттеріме «жақсы ойын өрнегін көрсетіңдер» дедім. Ең бастысы – бірін-бірі түсінді. Нәтижесінде шәкірттерім чемпиондық атаққа қол жеткізді, – деді «Көкшетау» футбол мектебінің жаттықтырушысы Солдатбек Зәлел.

Командалар үш топқа бөлініп, өзара сынға түскен. Топтық кезеңнен шыққан үш команда бірбірімен ойнап, чемпиондық атаққа таласты. Ақтық кезеңде «Оқжетпес» командасы теміртаулықтармен тең түсіп, «Жастар» құрамасын 5:0 есебімен жеңді. Ал, «Жастар» мен теміртаулықтар арасындағы кездесу қарағандылықтардың пайдасына шешілген.

Турнир қорытындысы бойынша «Теміртау» командасының шабуылшысы Ислам Тұрақбаев – «Үздік шабуылшы», «Оқжетпестің» қорғаушысы Илья Закревский – «Үздік қорғаушы», «Жастар» командасының қақпашысы Вадим Горелов – «Үздік қақпашы» атанды.

– Ойынның біраз уақытына дейін «Теміртаудан» жеңіліп жаттық. Бір уақытта қақпашы ортадан гол салып, рухымызды оятты. Сол голдан кейін ойын өзгерді. Ал, «Оқжетпестен» айламызды асыра алмадық. Олар қорғанысты да, шабуыл шебінде де керемет ойнады. Өкінішке қарай, қорғанысын бұзып өте алмадық. Осы турнирге екінші мәрте қатысуымыз. Былтыр IV орын алсақ, биыл II орынға көтерілдік, – деді қарағандылық «Жастар» командасының қорғаушысы Әлихан Құрметов.

Жеңімпаздарға ұйымдастырушылар тарапынан кубок пен медальдар және ақшалай сыйлық табысталды.

Суреттерді түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Елге құрмет – мектептен

Мұғалімнің басты міндеті – тек сабақ беру ғана емес. Баланың білімге деген құштарлығын оятып, сан қилы қырын ашу. Осы ұстанымды ұстанған Қарағандыдағы №44 негізгі орта мектебінің ұстаздары оқушылармен бірлесе «Туған елге тағзым» бағдарламалық жобасы аясында семинар өткізді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба аясында оқушылар алты тақырып бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген. Жұмыстар аяқталған соң семинар өткізіп, зерттеу нәтижелерін көпшілікке көрсетті. Әуелі қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдері Гүлбаршын Шайкимова мен Мәкен Малғабылова 7 және 9 сынып оқушыларымен Ғ.Мұстафиннің туған ауылына барып, туысқандарымен кездескен. Ауылдағы мұражайына да ат басын бұрып, танысып қайтқан көрінеді. Сапардан кейін жазушының «Қарағанды» романы бойынша дөңгелек үстел өткізіпті.

Екінші кезеңде орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Гүлбану Салихова 9 «А» сынып оқушыларын қала көшелерінің тарихы мен көшеге есімдері берілген тұлғалардың өмірімен таныстырған.

– Бұл біздің бір айлық жоспарымыз емес. Алдағы 5 жылға құрылған үлкен жоба. Сол жобаның алғашқы қадамы осы семинар деп айтсақ болады. Өсіп келе жатқан жас ұрпақ өзінің туған елін, жерін және батыр бабаларымыз, тұлғаларымыз жайында біліп өсуі қажет. Сондықтан, осындай жобалардың өскелең ұрпаққа берері мол. Ұстаздарымыз күн-түн демей еңбектенді. Осы шараның басы-қасында жүрген әріптестеріме алғысымды айтамын, – деді мектеп директоры Гүлдана Тәуекелова.

«Ескерткіштерді зерттеу» деп аталатын кезеңде мектептің кітапханашысы Александра Шандер жоғарғы сынып оқушыларымен бірлесе, қаладағы ескерткіштердің тарихына тоқталды. Ал, Тарих және география пәні мұғалімі Меруерт Тұяқова «Мұражайлар» жобасы бойынша жұмыс істеді. Қаладағы мұражайларды аралап, сонау дәуірге сапарлады. Алтыншы кезеңде қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің жетекшілігімен оқушылар «Қарағандыда көмір қалай табылды?» деген тақырыпта зерттеу жұмысын жүргізген. Оқушылар семинарда зерттеу жобасы аясында түсірген бейнероликтерін көрерменге ұсынып, тың ақпараттар айтты. Ал, мерекелік шараны өзге мектеп ұстаздары мен ата-аналар қауымы тамашалады.

– Осындай іс-шараға шақырып отырған мектеп ұжымына алғысымды айтамын. Туған жерге деген махаббат, сағыныш сезімі бөлек. Әр тасы, тарихы – тұнып тұрған шежіре. Сол шежірені өскелең ұрпақ бойына сіңіріп өсуі қажет. Ұлы елде дүниеге келген батыр бабаларымызды және олардың ерлігін жатқа білуі қажет. Сол бабалардың ізін жалғайтын – сіздер. Осындай шаралардың арқасында балалардың ой-өрісі дамып, таным-көкжиегі кеңейе түседі. Сондықтан, мұндай шаралар жиі болғаны дұрыс, – деді 5 «Ә» сынып оқушысы Нұрсәт Балақажының әжесі Гүлзия Мақсұтбекова. Шараға қонақ болған №64 негізгі орта мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі Назерке Сансызбайқызы да өз пікірімен бөлісті.

– Бұл шара – бәрімізге жақсы әсер етті. Бұл жерде ұстаздар мен оқушылардың көп еңбегі бар. Шара жоғары деңгейде өтті. Ал, бұл – ауызбіршіліктің арқасы. Біз оқушыларымыздың бойындағы патриоттық сезімін осындай шаралар арқылы нығайтамыз. Сондықтан, мұндай игі істерді қолға алғанымыз дұрыс. Жобаның жалғасын күтеміз, – деді ол.

Суретті түсірген
Еркебұлан ХАДЫЛБЕК

● БАЙҚАУ

Жасақ тәрбиешілерінің үздік кеңесі

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

№35 түзеу мекемесінде «Жасақ тәрбиешілерінің үздік кеңесі» атты байқау өтті. Мақсат – аппарат қызметкерлері мен жасақ тәрбиешілері кеңесінің ұйымшылдығын арттыру, кәсіби шеберлікті шыңдау.

Отряд бастықтары осы конкурсқа белсенді қатысты. Әр кеңес өз эмблемасын көрсетіп, қызметі мен жетістіктері туралы баяндады. Тәжірибе алмасты.

Байқау мәреге жеткенде қазылар ең үздік тәрбиешілер кеңесін анықтады.

– Мұндай мекемелердегі жасақ бастықтары – маңызды лауазымдардың бірі. Оған сотталғандар тұрмыстық сауалдардан бастап, отбасылық және медициналық мәселелерге дейін жүгінеді. Жасақ бастығы қажет жағдайда өзге бөлімшелердегі әріптестерін түйткілді жайттарды шешуге жұмылдырады, – дейді жасақ бастығы А.Қайролла.

● СПОРТ

Дойбы додасы

Абай қаласындағы балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде қараша айының 25-30 күндері аралығында дойбыдан облыстық ашық турнир өтті. Осымен 16-шы рет ұйымдастырылып отырған дүбірлі дода осы мектептің түлектері Серік Бегалин мен Евгений Гончаровты еске алуға арналған. Серік марқұм осы мектепте оқытушы, жаттықтырушы болып еңбек еткен еді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Шаршы тақта үстіндегі бес күндік бәсекеге облысымыздың Қарағанды, Балқаш, Абай қалалары мен Қарабас кентінің дойбышылары, қарағандылық студенттер мен оқушылар жарыс ережесіне сәйкес Астана қаласы, Жамбыл және Батыс Қазақстан облыстарының спортшылары да қатысты.

Сайысқа түскен 84 адамның бәрі өзара бәсекелесіп, оларға аталған спорт мектебі директорының орынбасары, «Қазақстан дойбы федерациясы» РҚБ Қарағанды облысы бойынша филиалының директоры Юлия Александровна Рынгач төрелік етті.

Дойбышылардың қызу тартысында қарсыласынан айласы мен шеберлігін асырған жеңімпаздар анықталып, оларға дипломдар мен бағалы сыйлықтар берілді. Атап айтқанда, турнир қорытындысында жүлделі I орынды өз тобында қарағандылық Алтынхан Аяулым, Оксана Чуприк, Малика Мұқаева, Ыбырай Алмас, Диана Шарафисламова, балқаштық Нұрсұлтан Дамирұлы, оралдық Бекбол Жанғалиев, Нұрай Нұрболатова, абайлық Софья Рынгач, жамбылдық Қайрат Расул, Нұрлыбек Әбдімәжитұлы иеленді. Тиісінше, дойбы додасында II, III орын алғандар да марапаттан құр қалмады.

АБАЙ

Қарағанды облысы кәсіпкерлерінің назарына!

Құжаттарды қабылдау: «Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ;

Пошталық мекенжайы: 100000, Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 13, 307 каб.

Электрондық пошта мекенжайы: socpr22@mail.ru.

Толық ақпаратты: Қарағанды қаласы, Әлиханов көшесі, 13, 307 каб.; немесе байланыс телефоны арқылы білуге болады: 87212/503876;

Нысанасы: 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 20-бабына және 79-4-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 28 қазандағы №773 қаулысына, Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2021 жылдың 9 қарашадағы №795 қаулысына сәйкес, Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына сәйкес, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардан (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу үшін құжаттарды қабылдайды.

Өтінім берілетін жер: «Қарағанды облысының кәсіпкерлік басқармасы» ММ.

Құжаттаманы ұсыну мерзімі: 2022 ж. 1-15 желтоқсанға дейін.

Электрондық пошта:
ortalyk.kaz@mail.ru

После смерти Торского Евгения Павловича умершего 31 августа 2022 года открыто наследственное дело. Всем заинтересованным лицам обращаться к нотариусу Динисламовой Минданье Гайнетдиновне. Город Сарань, улица Джамбула, дом 67А. Телефон 87014379918. 8708594 9202

№839

● АҚСЕЛЕУ СЕЙДІМБЕКТІҢ ТУҒАНЫНА – 80 ЖЫЛ

Өрендер өнерімен тамсантты

Жансая СӘРСЕНБАЙҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алаш ақтаңгері Ақселеу Сейдімбектің 80 жылдығы аясында Қарағанды облысындағы білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығының ұйытқы болуымен «Дарын» мамандандырылған мектеп-лицей-интернатының оқушыларының қатысуымен «Әйел-Ана» әдеби ертегісінің желісімен жазылған «Күншуақ елі» атты III бөлімді әдеби-музыкалық қойылым сахналанды.

Ұлт руханияты жолында өлшеусіз қызмет еткен, өнерге, ғылымға ерекше еңбек сіңірген тұлғаның өмірі мен шығармашылығына арналған қойылымды педагогикалық қоғамдастық, ЖОО, жергілікті БАҚ өкілдері, сондай-ақ меценаттар тамашалады.

Аталған білім ордасының ұстаздары мен оқушыларының бірігуімен дайындалған қойылымның көркемдік жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі, жоғары санаттағы ұстаз Назиха Жашкеева. Сондай-ақ, көріністің әсерлі де сәтті шығуына жоғары сынып оқушылары зор үлес қосты. Ертегі желісіне қарай Led экран арқылы көркем көріністер, әдемі бейнесюжеттер қоса көрсетіліп отырды.

Ақселеу Сланұлы – сөз өнері мен ән өнерінде, журналистік пен жазуда һәм ғылымда өз ізін қалдырған тұлға. Жазушы шығармасын сахналау мектеп қабырғасындағы оқушыға ғана емес, тәжірибелі актерлерге де қиындау болар еді. Алайда, «Дарын» мектебінің оқушылары «Әйел-Ана» рөлін һәм ол қойылымның айтпақ ойын көрерменге түсінікті етіп жеткізе білді.

Ерте кезде ғажайып бір өлкеде мамыражай тірлік кешкен, кішісі үлкенін сыйлаған, үлкені кішісіне қамқор болған, ер көңілді жігіттері, ақылына көркі сай ару қыздары бар, ынтымағы жарасқан Күншуақ деген ел болыпты. Сол елдің айрандай ұйыған тіршілігін көре алмаған, түгін тартса, майы шығатын жеріне қызыққан жау тұтқиылдан шабуыл жасап, қапыда қалған жұртты тұтқын қылып, кіріптарлыққа ұшыратады. Тас қамалдағы тұтқындарға жау ханының жарлығы жеткізіледі. Бірақ оның түпкі ойы елдің еңсесін түсіріп, мүлдем тоздырып, өзіне түбегейлі бағынышты ету болатын. Жұртты бағынышты еткісі келген оның қулық жасырынған жарлығына сол елден шыққан Әйел-Ана тосқауыл болады. Сөйтіп, хан сөзінің екі болмайтынын алға тартып, ақылымен, тапқыр шешімімен Әйел-Ана тұтқынға түскен түгел жанды бостандыққа алып шығыпты. Осылайша, Әйел-Ананың ақыл-парасатының арқасында Күншуақ елі аман қалады. Әйелді бұрын да қадір тұтатын Күншуақ елінің осы оқиғадан кейін Әйел-Анаға деген сый-құрметі, тіпті, ерекше болғандығы айтылады. Тіпті, халықтың ең асыл мұрасы тіл болса, оны да, «Ана тілі» деп, Әйел-Ананың ақ сүтінен даритын құдірет-қасиетке балапты.

Ертеден ертегімен санада сан сақталған осынау дастани оқиғаны көрермен қауым жадында қайта жаңғыртып, шығарманың түпкі негізіне бойлағандай. Көптің көңілі кешегі Әйел-Ананың батылдығына қайран.

● ХОККЕЙ

Ойынды өзгерткен екі гол

Қарағандылық «Сарыарқа» ел чемпионатының кезекті турында қостанайлық «Горняк Рудный» клубын 5:4 есебімен басып озды.

Қос команда күні бұрын кездесіп, 6:1 есебімен қарағандылықтар жеңіске жеткен. Бұл жолғы ойын біз күткендегіден де қиынға соқты.

Қонақтар 13-ші минутта есеп ашты. Гол авторы – Вячеслав Шарипов. Іле-шала Никита Харькин есепті еселеді. Дегенмен, қарағандылықтар қарап қалмады. Ойынның 19-шы және 20-шы минутында қос голды қақпаға тоғытып, есепті теңестіріп кетті. Гол авторлары – Никита Клещенко мен Кирилл Беляев.

Екінші кезең басталысымен қонақтар сапынан Денис Гурьев гол салып, есепте алға шықты. 31-ші минутта Дмитрий Селютин есепті 2:4-ке жеткізді. Бұл кезеңде жерлестер тек бір голмен ғана жауап қайтара алды. 37-ші минутта жасаған Александр Ананичевтің соққысы есеп алшақтығын қысқартты.

Соңғы кезеңде жерлестер қостанайлықтарды басып озды. 48-ші минутта Антон Злобиннің, 51-ші минутта Андрей Лагуновтың соққысына қарсылас команда қақпашысы Владислав Нурек төтеп бере алмады. Осылайша, жеңіліп жатқан жерлестердің тағдырын екі гол шешіп кетті.

● БОКС

Дәстүрлі дода басталды

Балқашта жасөспірімдер арасында бокстан Халықаралық дәстүрлі турнир басталды. Осымен 10-шы рет жалауы желбіреген дода «Балалар жылы» және шағын шаһардың 85 жылдық аясында ұйымдастырылып отыр.

Айтулы жарысқа Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан мемлекеттерінің спортшылары, Астана, Алматы, Қарағанды және еліміздің әр облысынан 109 боксшы қатысуда.

Спорттық іс-шараның салтанатты ашылу рәсіміне Балқаш қаласының әкімі Қайрат Қамзин, қалалық мәслихат хатшысы Ахат Мүсілімов, бокстан халықаралық дәрежедегі төреші Ерболат Әшімов және спортшылар қауымы қатысып, құттықтау сөз сөйледі.

Жарыстың ашылу салтанатында қатысушылар 1 минут үнсіздікпен танымал боксшылар Тілеугерей Макаталин, Владимир Тулупов, Аманбек Макаталин, Ерлан Нөкербеков, Жанат Сатенов пен жаттықтырушы Александр Апачинскийді құрметпен еске алды.

Былғары қолғап шеберлері 4 күн бойы өзара мықтыны анықтайтын болады.

● КҮРЕС

Балуандар боз кілемде

Қарағанды «Жастар» спорт кешенінде Кеңес Одағының Батыры Нұркен Әбдіровті еске алуға арналған республикалық турнирдің жалауы желбіреді. Додаға Қазақстанның барлық облыстарынан, сондай-ақ, Қырғызстаннан, Өзбекстаннан және Грузиядан 600-ден астам спортшы жиналды.

54-ші мәрте өткізіліп отырған турнир биыл ұшқыш ерлігінің 80 жылдығына арналған. Ашылу салтанатына облыс әкімінің орынбасары Ербол Әлікұлов, спорт және денешынықтыру істері комитетінің төрағасы Самат Ерғалиев пен Нұркен Әбдіровтің ұрпақтары қатысты.

Турнир 5 желтоқсанға дейін жалғаспақ. Сәйкесінше жарысқа қатысушылар үш бөлікке бөлініп, бақ сынасатын болады. Алғашқы күні боз кілемде еркін күрес балуандары сынға түседі. Әрі қарай әйелдер арасында сайыс өтсе, соңында грек-рим күресінің өкілдері белдеседі. Биылғы турнирдің жалпы жүлде қоры – 25 млн. теңге. Жеңімпаздарға «Спорт шебері» мен «Қазақстанның спорт шеберіне үміткер» атағы беріледі.

Дайындаған
Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

FIFA WORLD CUP Qatar2022

Немістер еліне қайтты

Соңғы айналымда жұрт күтпеген нәтижелер тіркелді. Жапондар Испания құрамасын жеңіп, топтық кезеңнен көш бастап шықты. Сонымен қатар олар, азулы еуропалық екінші құраманы шаң қаптырып, рекорд орнатты. Топтан шығу мүмкіндігі бар Германия құрамасы соның салдарынан ұпай саны айырмашылығымен келесі кезеңге өте алмады.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

C тобы

Қоржынында 4 ұпайы бар Польша құрамасы соңғы айналымда аргентиналықтарға есе жіберді. Қос команда 2011 жылы жолдастық кездесу өткізіпті. Сол жолғы кездесу 2:1 есебімен поляктардың пайдасына шешілген екен. Өкінішке қарай, Польша құрамасы сол жетістігін осы жолы қайталай алмады.

Ал, арабтар мексикалықтардан жеңіліп қалды. Есеп – 1:2. Мексикалықтар екінші таймның басында қақпаға қос гол салып, алға шыққан еді. Арабтар екінші таймға қосылған қосымша уақытта жалғыз голмен жауап қайтарды. Осылайша, қос команда Аргентина мен Польша құрамаларына жол берді.

6 ұпаймен топтан көш бастап шыққан аргентиналықтар 1/8 финалда C тобынан шыққан Аустралия құрамасына қарсы ойнайды.

D тобы

Французбар соңғы кездесуде Тунис құрамасынан жеңілді. Алайда, оларға бұл жеңіліс топтан шығуға ешқандай кедергі келтірген жоқ. Бұған дейінгі кездесулерді еш қиындықсыз жеңіп, жоғары ұпай иеленген французбар, сол жеңістерінің арқасында келесі кезеңге өтті. Бірақ, Тунис құрамасының бұл жеңісі келесі кезеңге шығуға көмектеспеді.

Аустралиялықтар соңғы айналымда бір гол айырмашылығымен Дания құрамасын жеңіп, топтық кезеңнен шықты. Бір гол команда тағдырын шешті.

E тобы

Соңғы айналымда ел күтпеген оқиға тіркелді. Құрамы 70 пайызға жасарған Испания құрамасы жапондардан айласын асыра алмады. Алғашқы тайм испаниялықтардың пайдасына шешілген болатын. Екінші таймда қатарынан екі гол салып, мүмкіндік қалдырмады.

Испаниялықтардың жеңілісінің салдарынан Германия құрамасы топтық кезеңнен шыға алмады. Немістер 4:2 есебімен Коста-Рика құрамасын жеңгенімен, немістерге бұл жеңіс еш пайда тигізбеді.

Жапондар 1/8 финалда хорваттармен кездеседі. Ал, испаниялықтар Мароккомен ойнайды.

F тобы

Марокко ешкімнің ойына да кіріп шықпаған нәтиже тіркеді. Алғашқы айналымда хорваттармен тең ойнап, Бельгияны, соңғы кезеңде Канада құрамасын жеңді. Осылайша олар 7 ұпаймен топтан көш бастап шықты.

Ал, хорваттар бельгиялықтармен тең ойнап, бір ұпай айырмашылығымен топтық кезеңнен екінші болып шықты. Алғашқы кездесуде Мароккомен тең ойнап, канадалықтарды жеңіп, ұпай санын сақтап қалған еді. Егер олар соңғы ойында Бельгия құрамасынан жеңіліп қалғанда, топтан шыға алмас еді. Тең ойын хорваттардың жағдайын шешіп кетті.

Марокко құрамасы 1/8 финалда Испания құрамасына қарсы ойнайды.

● ЧЕМПИОНАТ

Қанжығада төрт медаль

Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандылық спортшылар Испаниядағы Oyama Cup чемпионатында төрт медаль алды.

Қазақстан құрамасы Барселонадан 12 медаль алып келді. Қарағандылық каратэ-киокушинкай шеберлерінің есебінде екі алтын, күміс және қола бар.

Oyama Cup чемпиондарының бірі – Қарағанды каратэ мектебінің негізін қалаушы Тимур Райымбеков. Ол соңғы жекпе-жекте мерзімінен бұрын жеңіске жетті.

Ұлттық құраманың тағы бір алтынын қарағандылық Богдан Жамаладдинов алып келді. Ол ауыр салмақтағы 18-21 жастағы кадеттер санатында өнер көрсетті.

Чемпионатта күміс жүлдені Жанетта Сұлтанова жеңіп алды. Анель Каманбекова қола жүлдеге ие болды.

– Мұндай халықаралық турнирлер 2023 жылдың 6 сәуірінде Токиода өтетін әлем чемпионатына дайындық аясында аралық жарыс ретінде аса қажет. Онда біз 50-ге жуық спортшы және 20 жанкүйермен баруды жоспарлап отырмыз, – деді Тимур Райымбеков.

Облыста үш жастан асқан бес мыңға жуық бүлдіршін каратэ-киокушинкаймен айналысады. Т.Райымбековтің бастамасымен және «Әр аулаға каратэ» бағдарламасы бойынша өңірде төрт жабдықталған зал ашылған. Жаттығулар мектептердің спортзалдарында және басқа да бейімделген нысандарда өтеді. Барлық ниет білдірушілер бұл спорт түрімен ақылы негізде де, «АртСпорт» бағдарламасы бойынша да тегін айналыса алады.

Біздің сайт: www.ortalyq.kz Таралымы 6 230 Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі
МЕНШІК ИЕСІ:
«Saryarqa aqparat» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директор **Қайрат ӘБІЛДА**
Директордың орынбасары –
«Индустриальная Караганда» газетінің бас редакторы
Оксана МЯГКИХ
Директордың орынбасары
Гүлмира ЖҰМАДІЛДИНОВА
Бас редактордың орынбасары
Назым ДҮТБАЙ
Бас редактор
Ерсін МҰСАБЕК
Интернет-редакция редакторы
Ілияс МҰҚАЙ
Жауапты хатшы
Қасымхан ҒАЛЫМ

Телефондар:
Бас редактордың қабылдау бөлмесі: 43-38-53
Бас редактордың орынбасары: 43-57-76
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33
Жауапты хатшы: 43-49-72
Экономика бөлімі: 43-31-77
Саясат және құқық бөлімі: 43-30-88
Білім, ақпарат және спорт бөлімі: 43-49-72
Әлеумет бөлімі: 43-49-72
Мәдениет, руханият, әдебиет бөлімі: 43-22-92
Интернет редакция бөлімі: 43-31-77

Жарнама, факс: 43-21-55; бухгалтерия: 43-49-74;
Компьютер орталығы: 43-58-08.
Меншікті тілшілер:
Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70
Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-777-073-71-13
Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар.

● Редакция 3 компьютерлік беттен асатын көлемдегі қолжазбаларды қарамайды.
● Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
● Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
● Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
● Суреттер интернеттен, редакция архивінен алынды.
● Материалдың жариялану ақысы төленген.
● Қолжазба мен фотосуреттер қайтарылмайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда
№ KZ18VPY00030163 куәлігі берілді.
Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826M0KZTD2003131,
БИК KCJBKZKX БИН 000840001412

№135 тапсырыс. Индекс 65484
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС
баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор
Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ